1	Оптимальный	-	-	20	20
2	Сниженный	40	40	60	40
3	Ограниченный	60	60	20	40
4	Резко ограниченный	-	-	-	-

Уровень речевого развития испытуемых группы 1 КИ

(в %)




Рисунок 1.

Учитывая это, мы уделили внимание исследованию готовности детей с КИ к таким этапам развития речевого слуха как опознавание и распознавание речевого материала на слух. Исследовали динамику развития слуховой функции во 2 и в 3 классе.

Исследование мы начали со 2 уровня развития слухового восприятия - опознавания. [5,6,7].

Процентное соотношение количественного показателя правильных ответов указано в таблице №2.

В таблице даны показатели на начало и конец учебного года (2 и 3 классы). В ней указаны показатели по каждому исследовательскому опросу (2 раза за 1 год) всей группы детей.

Таблица №2

Результаты исследования слуха по опознаванию речевого материала (в %)

	2 класс		3 класс	
	начало учебного года	конец учебного года	начало учебного года	конец учебного года
Группа 1 КИ	14,6	42	59,8	88
Группа 2 СА	12,6	38	51	79

Результаты таблицы 2 говорят о стабильности развития слуховой функции как учащихся с кохлеарными имплантатами, так и учащихся с СА.

К концу третьего класса большинство фраз дети опознавали с первого или второго предъявлений, хотя речевой материал усложнился и увеличился в объеме. [3,6].

В таблице 3 представлены показатели развития слухового восприятия у каждого ученика в отдельности. Рассматривая какой-нибудь конкретный пример, можно на практике обнаружить влияние состояния слуха и дошкольной специальной подготовки на формирование этапа развития речевого слуха – опознавания.

Таблица №3

Результаты опознавания на слух речевого материала
учащимися на начало и конец года (в %)

	2 класс		3 класс	
	начало года	учебного года	начало учебного года	конец учебного года
Султан	15	45	63	86
Витя	10	35	45	81
Зухра	20	50	75	100
Лейла	18	45	60	90
Елдос	10	35	56	83
средние данные (в %) группы1 КИ	14,6	42	59,8	88
Ксюша Аяулым	18	50	60	90
Равхат	10	40	55	80
Надя	10	30	35	75
Настя	10	35	50	70
	15	35	55	75
средние данные (в %) группы2 СА	12,6	38	51	79

Таким образом, на рисунке 2 дана сравнительная характеристика состояния слухового восприятия у детей Группы 1 КИ в начале и конце учебного года во 2 и в 3 классе. Сравнительная характеристика свидетельствует, что процент опознавания на слух слов и фраз к концу года значительно и качественно изменился. Большой прогресс в развитии слуха - в опознавании речевого материала достигли учащиеся на конец учебного года (42 %). Так в начале учебного года во втором классе показатели колебались в пределах 15-ти %, а концу учебного года разница составила 42%. По полученным данным мы можем сделать вывод о значительном влиянии КИ на развитие речевого слуха.




Рисунок 2.

Данные полученные в ходе исследования слуха показали общую положительную тенденцию развития слухового восприятия у школьников.

Общие данные опознавания на слух речевого материала, полученные в двух группах отражены в рисунке 3.




Рисунок 3.

Следующим этапом исследования слухового восприятия у учащихся 2 и 3 –го классов, было изучение третьего уровня развития речевого слуха – распознавания на слух речевого материала незнакомого по звучанию, воспринимаемого на слух впервые.

Критерии проведения и оценки результатов исследования оставались прежними. Речевой материал для распознавания на слух был предложен в соответствии с программой по РСВ для второго и третьего класса,

разработанный Э.И.Леонгард. [3,4,5]. Результаты распознавания 20 контрольных слов представлены в таблице 4.

Таблица 4

Исследуемые	Распознано	Адекватные замены	Приближенные замены	Ошибочные ответы
1. Султан	10	6	2	2
2. Витя	9	4	5	2
3. Зухра	14	6	-	-
4. Лейла	12	5	2	1
5. Елдос	10	4	4	2
<i>Результаты Группы 1 КИ(в %)</i>	11	5	3,6	1,6
1. Ксюша	13	5	-	2
2. Аяулым	9	4	4	3
3. Равхат	9	3	4	4
4. Надя	9	4	4	3
5. Настя	10	4	4	2
<i>Результаты группы 2 СА (в %)</i>	9,8	4	3,2	2,8

Распознавание 20 контрольных слов

Результаты распознавания речевого материала группы 1 КИ во 2 и 3 классе наглядно представлены в рисунке 4.




Рисунок 4.

Интересны показания сравнительной характеристики состояния слуховой функции учащихся 2-го и в 3-го класса по распознаванию речевого материала на слух. Общие результаты распознавания речевого материала во 2 и в 3 классе у учащихся с КИ представлены в рисунке 5.




Рисунок 5.

На рисунке 5 показана положительная тенденция в развитии слухового восприятия, наиболее сложного уровня развития речевого слуха – распознавания незнакомого по звучанию речевого материала. Если по средним данным во 2 классе уровень распознавания речевого материала учащихся с КИ составил 13,9 %, то в 3 классе он уже составил 19,6%. Во второй группе учащихся с СА также видна динамика развития слуха. Так во втором классе распознано 13,4% речевого материала, а в третьем классе уже 17% незнакомого на слух речевого материала.

Это дает нам возможность судить о развитии самой слуховой функции, так как процесс распознавания полностью зависит от уровня развития речи, от сформированности стойких словесных образов.

Таким образом, в результате исследования получены сравнительные показатели развития речевого слуха у детей с кохлеарными имплантами и у детей со слуховыми аппаратами.

Всё вышеизложенное даёт нам право сделать следующие выводы, связанные с особенностями развития слухового восприятия у детей с КИ:

1. Все учащиеся с кохлеарными имплантами, независимо от степени снижения слуха, после двух лет слуховой тренировки оказались в состоянии опознавать и распознавать на слух в условиях специального обучения довольно большой речевой материал, предлагаемый в виде слов, фраз, текстов.

2. Сравнение результатов 2-го класса на конец и начало учебного года показывает, как общую положительную тенденцию развития слухового восприятия, расширение словарного запаса, так и в целом, уровня речевого развития детей с нарушениями слуха.

3. На последующих годах обучения, в третьем классе, в процессе целенаправленного развития слухового восприятия у учащихся с КИ формируются довольно стойкие образы фонем, что позволяет ребенку производить определенный морфологический анализ, на основе которого и принимается решение о смысле воспринимаемого. Если это решение близко к образцу, то оно выражается, либо рядом близких замен, либо распознаванием слова.

4. На развитие слуховой функции влияет длительная слуховая тренировка. Полученные в ходе исследования количественные данные о развитии слуховой функции детей с КИ показывают и ее качественное развитие, т.е. от опознавания на слух хорошо знакомого речевого материала в разных текстах, к распознаванию на слух незнакомого по звучанию речевого материала.

5. Улучшается произносительная сторона речи, развивается самоконтроль за своим произношением, увеличивается словарный запас, как активный, так и пассивный, повышается эффективность всего учебно-воспитательного процесса.

Положительно оценив объективные результаты проведенного исследования особенности развития слухового восприятия у детей с КИ считаем возможным рекомендовать следующее:

- Сегодня, когда доказана высокая эффективность и экономическая целесообразность КИ для реабилитации детей с нарушениями слуха, необходима разработка государственной программы кохлеарной имплантации, как это сделано во многих странах мира (Австралии, США, Франции, РФ и др.).
- Для организации послеоперационной слухоречевой реабилитации детей с кохлеарными имплантами необходимо развитие соответствующей инфраструктуры в центрах КИ, осуществляющих обучение и координацию реабилитационной, коррекционной работы специалистов (сурдопедагогов, логопедов, учителей, сурдологов и др.) на местах, с привлечением родителей, родственников пациентов.
- В школе и в семье необходимо создать условия, обеспечивающие качественное развитие слуха и речи у детей с КИ.

Литература:

1. Lenarz Th., Bertram B., Lehnhardt E. Cochlear – Implant – Kindern. – Stuttgart New-York, 1994
2. А.Лёве. Развитие слуха у неслышащих детей. История. Методы. Возможности. - М. Академия. - 2003 – 224с
3. Кузьмичева Е.П. Методика развития слухового восприятия глухих учащихся/ М. Просвещение.1980г.
4. Леонгард Э.И. Основные принципы работы по развитию слухового восприятия у глухих и слабослышащих// Дефектология. – 1977. - №6
5. Назарова Л.М. «Методика развития слухового восприятия у детей с нарушением слуха». М.2001г.;
6. И.В.Королёва, В.И.Пудов, Зонтова О.В. Реабилитация постлингвальных детей и взрослых с кохлеарной имплантацией. //Дефектология – 2001. - №5, - с.21 – 35

Түйін

Бұл мақала кохлеарды имплантация жасалған оқушыларға арналған.

Мақаланың мақсаты кохлеарлы имплантациясы бар балалардың естіп қабылдауының даму ерекшеліктерінің сипаттамасы болып табылады. Зерттеудің нәтижесінде кохлеарлы имплантациясы бар балалардың және жеке есту аппараттары бар балалардың естіп қабылдауының салыстырмалы көрсеткіштері алынған.

Resume

Article is devoted to the problems of rehabilitation of children with hearing disorders. At result we have got the levels of hearing of children with cochlear implantation.

УДК 376:811.512

КӨМЕКШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

Н.Қ. Жақыпбекова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Арнайы педагогика» кафедрасының магистр оқытушысы, Алматы қ-сы*
nesya_88@mail.ru

Қазіргі Егеменді Қазақстан жағдайында тіл саясаты, оны дамыту, әсіресе қазақ тілінің өрістеуі маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта мектеп тәжірибесінде ауызша сөйлеу тілімен қатар жазбаша тілді дамыту, қалыптастыру көп қиындықтар кездесетіндігімен байланысты. Тіпті бастауыш сынып оқушылары ғана емес, мектепті бітіргелі отырған оқушылардың өздері де, өз ойларын, ішкі сезімдерін білдіретін мәтіндерді өз беттерінше құрастыруда қиналатындығы белгілі. Бұл жағдайдың негізгі себебі, бастауыш сынып оқушыларын оқыту тәжірибесінде, жазбаша сөйлеуді дамытудың өзіндік ерекшелігін ескермей және оны өз бетінше өз ойын жеткізу мүмкіндігі ретінде қарамайтындығымен байланысты деп ойлаймыз.

Оқушыларда жазба тілді тілдің ерекше формасы ретінде қалыптастыру, оларды жалпылаудың жаңа әдісімен ғана қаруландырып және тәжірибесімен жүйелендіріп қана қоймай, сонымен бірге балалардың психикалық процестерін – саналы және ырықты қызметін жоғарғы деңгейге көтеру керектігі жайында өз еңбектерінде Л.С.Выготский және А.Р.Лурия да атап көрсеткен.

Түйін сөздер: артикуляция, дисграфия, дислексия, аграмматизм, дизорфография, орфография, ЖСТБ.

Бүгінгі таңдағы арнайы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі- көмекші мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуын қарастыру, анықтау және түзету.

Сөйлеу тілінің бұзылуы және сонымен бірге жазудың бұзылуы да баланың таным іс-әрекетінің дамуына әсерін тигізеді.

Кейінгі кездерде бағларламаны қиындықпен меңгеретін, яғни үлгермейтін оқушылар саны көбеюде. Оның негізгі себептерінің бірі оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы болып саналады. Оқу мен жазудың бұзылуы арнайы түзету мектептері мен жалпы білім беру мектеп оқушыларының арасында жиі кездеседі. Зерттеу деректері бойынша 10-20 пайыз оқушылардың үлгермеушілік себебі дисграфия болып есептеледі. Қазіргі кезде жазбаша сөйлеу тілін түзету жұмысымен мектеп логопунктінің, түзету арнайы мектептерінің, оңалту және психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік орталықтарының логопед мамандары шұғылданады.

XIX-ғасырдың басында жазу тілінің бұзылуына әр-түрлі көзқарастар пайда болды. Шетел зерттеулерін Ф.Бахман, Г.Вольф, Б.Энгер жүргізіп, бұл бұзылыстар зият зақымы бар оқушыларда кездеседі деген.

XIX ғасырдың 30-ыншы жылдарында жазудың бұзылуын психологтар, педагогтар, дефектологтар қарастыра бастады. Олар: Ф.А.Рау, М.Е.Хватцев, Р.М.Боскис, Р.Е.Левина. Олар дисграфия түрлерін көрсетті. Сонымен қатар О.А.Токарева, Л.Ф.Спирова, Е.Ф.Соботович, Н.А.Никашина, Д.И.Орлова, Г.В.Чиркинаның бірқатар зерттеу жұмыстары бар. Әсіресе И.Н.Садовникова мен Л.Н.Ефименконың зерттеулері қате түрлері туралы үлкен мағлұмат береді. Кейінгі он жылдықта жалпы мектеп оқушыларының жазуында кездесетін қате түрлері жайлы (жалпы мектеп оқушылары бойынша)

Р. Аязбаева, көмекші мектеп оқушыларының жазуында кездесетін қателер түрлері туралы, Қ.Қ.Өмірбекованың қазақ тілінде оқитын ақыл-ойы кем оқушылардың фонетикалық кемістіктері туралы, К.Бектаеваның қазақ тілінде оқитын көмекші мектептің төменгі сынып оқушыларының емлені меңгеру ерекшеліктері жайлы жұмыстарында бір сыпыра мәліметтер бар.

Жазбаша тіл алғаш рет арнайы психологиялық зерттеу пәні ретінде Л.С.Выготскийдің еңбектерінде орын алған. Жазбаша тілді жоғарғы психологиялық функциялардың дамуымен ұштастырып, жазбаша тілде өзіндік психологиялық құрылымы бар деп айтқан. Оның ерекшелігі, пікір алмасатын адам болмаса да жеткізетін ойды толық ашуға мүмкіндік болып, басқа мотивтерге ие болуында және ауыз екі тілмен ішкі тілге қарағанда шарттылығы мен саналығында. Жазбаша сөйлеу тілі ұғымына оқу мен жазу кіреді. Жазу – бұл графикалық элементтердің көмегімен информацияны қашыққа жіберіп сөйлеу тілін белгілейтін таңбалар жүйесі. Яғни, жазбаша таңбалар жүйесі арқылы қатынас жасаудың ерекше түрі.

Д.М. Боскис және Р.Е.Левинаның зерттеулерінде жазудағы қателердің көпшілігі фонематикалық түйсіктің толық дамымауына жататын естуі дұрыс баланың ана тіліндегі дыбыстардың жүйесін құрайтын дыбыстарды көңіл бөліп ұстауға қабілеті төмен болады деген жорамалдар ұсынылады. Дисграфияның пайда болуы фонетикасының толық дамымауының себебінен екендігі ғылыми дәлелденді.

Бас мидың әр бөлігі жазу актісіне өзінің ерекшеліктеріне әкеледі, ал осы бірлескен іс-әрекеттер, жазу тілінің негізінде жататын бүкіл қызметтік жүйені құрайды. Сондықтан бас ми зақымданған кезде пайда болатын жазудың кемістіктері жүйелік қасиетке ие болады. Егер арнайы қызметке жауап беретін бас мидың тек бір бөлігі ғана зақымдалса да, жазу тілі жүйе ретінде түгелімен зақымдалады. Ми бұзылыстарын зерттей отырып А.Р. Лурия балаларды жазуға үйретудегі мәселелерді анықтады.

Бас ми қабығы	Бұзылыс түрлері	Жазу процесінде қалай көрінеді
1. Артқы бөліктер	Күрделі дифференциаланған есту жоқ (б,п,э,с,д әріптерін алмастырады)	Жат жаза алмайды
2. Бас миы жарты шарының ортаңғы бөлігі	Артикуляциялық жаттығуларды орындай алмайды	Әріптер мен дыбыстардың дұрыс орнын ауыстырады.
3. Бас миы жарты шарының артқы бөлігі	Әріпті көріп қабылдауы бұзылады. Әріпті жазу процесін ұмытып қалады.	Бірінші әріпті екінші әріппен ауыстырады. Әріптердің орнын ұмытып қалады.
4. Бас миы жарты шарының премоторлы зонасы	Жазу кезінде қол қозғалысын білмейді.	Элементтерде әріптерді, әріптерде сөздерді қайталайды.

Балаларда кездесетін жазу тілінің қалыптаспауы да жүйелік қасиетке ие болады, алайда өзінің ерекшеліктері болады. Бұл бұзылыстардың механизмі көбінесе бірлескен болып келеді, олар тек қарапайым психикалық процесстердің сферасында емес, сонымен қатар психиканың жоғарғы қызметтерінің аясында да орын алуы мүмкін. Зияты зақымдалған балалардың жазуының бұзылуы сөйлеу тілінің дыбыстық құрамын меңгеруге бағытталған танымдық процесінің дамымауына да байланысты.

Бас мидың сол жақ сыңарының әр бір бөлігінің бұзылуынан жазу тілі түгелімен бұзылуы мүмкін. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуын білдіретін қазіргі кезде арнайы әдебиеттерде мына терминдер қолданады: жазудың жартылай бұзылуы-дисграфия; жазудың мүлдем қалыптаспауы-аграфия; оқудың жартылай бұзылуы-дислексия; оқу дағдыларының мүлдем болмауы-алексия; орфографиялық біліктілігі мен дағдыларын меңгере алмауға байланысты жазудағы тұрақты кездесетін қателер-дизорфография деп аталады.

Дисграфия – грек тілінен аударғанда *dis*-бұзылу, ал *grapho*-жазамын деген мағынаны береді. Дисграфияның белгілері жазу кезінде қайталанатын, тұрақталған қателерінде көрініс табады. Оларды келесі түрде топтастыруға болады:

- Әріптерді алмастыру және өзгерту;
- Сөздің дыбыстық-буындық құрылымын алмастыру;
- Сөздер мен сөйлем деңгейіндегі қателер;
- Жазудағы аграмматизмдер.

Бірақ XIX-ғасырдың 1896 жылдың өзінде-ақ В.Морган оқу мен жазудың бұзылысын он төрт жастағы интеллектісі қалыптағы баланың жағдайы бойынша сипаттады. Бұл бұзылысты Морган «орфографиялық дұрыс және қатесіз байланыстырып оқи алмаушылықтан» деп анықтады.

Жазу процесі төрт анализатордың бірлестігімен жүреді, олар: сөздік қозғалысты, сөздік есту, көру және қимыл қозғалысты. А.Р.Лурия оқу импрессиивтік сөйлеу тілінің ерекше түрі, ал жазу экспрессиивті сөйлеу тілінің ерекше түрі деп сипаттайды. Жазбаша сөйлеу тілі ауызша сөйлеу тілінің негізінде қалыптасады. Алайда, екеуінің арасында айырмашылықтар болады:

- ауызша сөйлеу тілі бір жаста, ал жазбаша сөйлеу тілі 5-6 жаста қалыптасады;
- ауызша сөйлеу тілі үлкендермен қатынас процесінде пайда болса, жазбаша сөйлеу тілі саналы түрде, оқыту процесінде қалыптасады;
- жазбаша сөйлеу тілінде күрделі пунктуациялық ережелер жүйесін қолданады;
- жазбаша сөйлеу тілінде эмоциональді қатынас түрлері (мимика, жест, т.б) қолданбайды;
- оқушыға немесе тындаушыға түсінікті болу үшін хабарланатын информация толық, нақты болу керек.

ЖСТБ-н атап айтсақ, дисграфия мен дизорфографияны ажыратудың негізгі критерийлері сауатты жазудың принциптері болып табылады. Жалпы орфографияда негізгі үш принцип белгілі: фонетикалық, морфологиялық, дәстүрлі.

Фонетикалық принциптің негізінде дыбыстық талдау жатыр. Сөз қалай естілсе, айтылса солай жазылады (бас, шана, т.б.).

Морфологиялық принцип бойынша айтуына қарамастан морфемдегі (түбір, жұрнақ, жалғау) әріп белгісі тұрақты сақталады. Морфологиялық талдау деңгейі сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағының дамуымен тығыз байланысты болады.

Дәстүрлі принципте сөздің ескі тарихи жазылуы сақталады. Мектеп тәжірибесінде ол сөздер «сөздік сөздер» деп аталады.

Орфографиялық принциптерді ескере отырып дисграфия фонетикалық принциптің, ал дизорфография морфологиялық, дәстүрлі принциптердің қолдануының бұзылуынан деп тұжырымдауға болады.

Жазуда қателер нақты біртұтас және бір қалыпты емес. Ол сөйлеудің толық құралмауына, қолдың іскерлігіне, ритм сезімі мен дене схемасына сүйенеді. Қолдың машықтандырылған қимылы ауызша сөйлеудің жазбаға ауысуының күрделі процесінің соңғы кезеңі болып табылады. Әрі қарай жазуда дыбысты естіп, оны ұқсас дыбыстан ажыратып, жазатын сөзді ойша құрастырып, дыбыстарды әріппен сәйкестендіріп барып жазу құралады. Жазу процесіне әр-түрлі анализаторлар қатысады: есту, көру және қимыл-қозғалыс. Бұл анализаторлар қызметінің бірінің бұзылуы жазудағы қате түрлерін тудырады.

Дисграфия түрлері бойынша түрліше топтастырылады. Артикулярлы- акустикалық, аграмматикалық дисграфия, оптикалық дисграфия.

Артикулярлы-акустикалық дисграфия дыбысты танып білудің бұзылысы, тілдік талдау, топтастыру. Мұнда бала қалай айтса, дәл солай жазады.

Акустикалық дисграфия әріптердің алмасуында пайда болады, яғни әріптер фонетикалық сәйкес жақын дыбыстарға алмастырылады. Жиі кездесетін қателіктер сөзде екпін түсіп тұрғанның өзінде дыбыстың алмастырылуы болып табылады: ызың, ысқырық/қатаң, ұян және т.б./ дауысты, дауыссыз африкаттар.

Тілдік талдау және топтау бұзылысы негізіндегі дисграфия.

Тілдік талдаудың күрделі формасы фонемалық талдау болып табылады. Сол себептен дисграфияның бұл түрінде кең тарағаны сөздік, дыбыстық, әріптік құрылымның бұзылысы болады. Мұнда жіберілетін қателер: дыбыстардың қалып қалуы (диктант – диктат, мектеп – метеп), әріптердің алмастырылуы, дауысты дыбыстардың қалып қалуы, артық әріп қосылуы. Тілдік талдаудың күрделі формасы фонематикалық талдау болып табылады.

Аграмматикалық дисграфия Р.И. Лалаева, Р.Е.Левина, И.К.Кол, С.Б.Яковлевтің жұмыстарында кеңінен қарастырылған. Бұл тілдің грамматикалық құрылымының жетілмеуімен байланысты: морфологиялық, синтаксистік жалпылап қорытуы. Бұл дисграфияның түрі сөз деңгейінде, сөз байланысында, сөйлемде, мәтінде көрінуі мүмкін және лексика – грамматикалық дамымаудың құрамды бөлігі болып табылады. Бұл дизартриясы бар, алалиясы бар, зияты зақымдалған балада байқалады. Баланың байланыстырып сөйлеу тілінде үлкен қиындықтар байқалады. Сөйлем кезектілігі әрқашан сипатталған жағдаймен сәйкес келе бермейді, жекелеген сөйлемдер арасында грамматикалық және мағыналы байланыстар бұзылады. Сөйлемдер деңгейіндегі жазудағы аграмматизм сөздің морфологиялық құрылымының бұзылысынан, қосымшалардың алмастырылуынан, септік жалғаулардың өзгертілуінен, есімдіктердің, септіктерінің өзгеруінен көрінеді. Сонымен қатар тілдің синтаксистік қалыптасуы бұзылады. Ал, күрделі сөйлемдер құрудағы қиындықтар, сөйлем мүшелерінің қалып қалуынан, сөйлемдегі сөздердің реттілігінің бұзылуынан көрінеді.

Оптикалық дисграфия. Кеңістіктік талдаудың жетілмеуінен, көру гнозисінің жетілмеуі мен жазуда әріптердің алмастырылуынан, бұзылуынан көрінеді. Көбінесе графикалық жазылуы жағынан ұқсас, бірдей элементтерден тұратын, бірақ кеңістікте түрліше орналасқан әріптер алмастырылып жазылады, (в-д, т-ш, п-и), бір-ақ элементтерден тұратын, қосымша элементтермен ажыратылатын (и-ш, п-т,х-ж,л-м). Вербальды дисграфия кезінде бөлектенген және жекеленген әріптер дұрыс айтылады, бірақ сөзді жазу кезінде бұзылыс, оптикалық сипаттағы әріптердің алмасуы байқалады. Дәл осы дисграфияға айналық жазу да жатады. Ал кейде солақайлар да, сонымен қатар миында органикалық бұзылысы бар адамдарда байқалады. Сонымен қатар дисграфия зияты қалыпты балаларда да тұлғаның қалыптасуында түрлі ауытқулар, белгілі бір деңгейде психикалық ерекшеліктерін тудыруы мүмкін.

1. Волкова Л.С. «Логопедия» М., «Просвещение», 1989.
2. Аксенова А.А «Особенности развития устной и письменной речи у учащихся во вспомогательной школе. М., 1967.
3. Садовникова И.Н. «Нарушение письменной речи у младших школьников» М., 1983.
4. Ананьев Б.Г. «Анализ трудностей в процессе овладения детьми чтением и письмом» М., 1965.
5. Гнездилов М.Ф. «Развитие письменной речи умственно отсталого школьника» М., 1974.
6. Беркан Освальд. «О расстройствах речи и письма» М., 1964.
7. Ефименко Л.Н. «Исправление и предупреждение дисграфии у детей» М., 1972.
8. Лурия А.Р. «Очерки психофизиологии письма» М., 1950.
9. Собонович Е.Ф., Гопиченко Р.М. «Фонетические ошибки в письме умственно отсталых детей

младших классов» М., 1969.

10. Орлова Д.И. «Нарушение произношения и письма недоразвития фонематической системы» Л., 1970.
11. Жинкин Н.И. «Развитие письменной речи учащихся 3-7 классов» Известия, Вып. 73–М., 1956.

Резюме

В статье рассматриваются различные виды нарушения письменной речи учащихся вспомогательной школы и этиология этих нарушений.

Summary

This article is dedicated special school pupils writes broke and its begins.

УДК 376-056.263

ЕСТІМЕЙТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАКТИЛДІ СӨЙЛЕУ ТІЛІН МЕНҒЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.А.Даурамбекова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Asiya.abenovna@mail.ru

Мақалада дактилология немесе дактилдік сөйлеу тілі – сөйлеу тілінің ерекше формасы ретінде қарастырылған. Есту қабілеті зақымдалған балаларда, өз-ара қарым-қатынас барысында қиындықтар туындайтын болғандықтан, аталған тұлғалардың дактилді сөйлеу тіліне жүгінуді қажет ететіндігі айтылған. Есту қабілеті зақымдалған балалар ауызша және жазбаша сөйлеу тілдерін қаншалықты деңгейде меңгергендігіне қарамастан, дактилді сөйлеу тілін үйрену бұл балалар үшін қолжетімді екендігі, дактилді сөйлеу тіліне оқыту олардың сөздік қорының ұлғаюына, сөз құрылымын жетік меңгерулеріне әсері қарастырылған. Сонымен қатар, дактилді сөйлеу тілімен қатар, балаларды ауызша және жазбаша сөйлеу тілдеріне оқытудың бірге жүру маңыздылығы, дактилді сөйлеу тілін алдын ала-дамыту, баланың дамуына кері әсер етпейтіндігі, керісінше, сөйлеу тілінің одан ары дамуына септігін тигізетіндігі, балаларды ауызша сөйлеу тіліне оқыту дактилді формада меңгеріліп, тілдік қарым-қатынасқа енгізілген сөздерді дыбыстап айту білігін меңгеруге қолайлы тұстары қарастырылған.

Түйін сөздер: дактилдік сөйлеу, қол-қимыл белгілері арқылы сөйлеу, бұзылған балалар, дыбыс айтуды

Есту функцияларының бұзылысынан көптеген қиындықтар туындайды, солардың бірі естімейтін балаларда ауызша сөйлеу тілінің қажетті деңгейде дамып, қалыптаспауы. Бұндай жағдайлар спецификалық сөйлеуді қолдануға мәжбүрлейді. Оларға дактилдік сөйлеу мен қол-қимыл белгілері арқылы сөйлеу тілін жатқызуға болады.

Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептің дайындық сыныбына көп жағдайда мектепке дейінгі білім алмаған, сөйлеу тілін меңгермеген балалар келіп түседі. Есту қабілеті зақымдалған балалардың бұл тобын оқыту көптеген қиындықтар туындатады, өйткені сөйлеу тілінің қалыптасуына қолайлы уақытынан өтіп кетеді, ал бұл өз кезегінде баланың психикалық дамуының тежелуіне себеп болуы мүмкін.

Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуы басқа анализаторлардың көмегімен жүзеге асады. Арнайы оқыту үдерісінде олардың қоршаған адамдардың ауызша сөйлеу тілін қабылдау білігі, сөйлеу кезіндегі дауыс пен тыныс алуды дұрыс пайдалану білігі қалыптасады, жеке дыбыстар мен сөздердің және т.б. дұрыс айтылуымен жұмыс жасалады. Тіпті ауызша сөйлеу тілі мен дыбыс айтуды көріп қабылдау сияқты қарапайым біліктерді меңгеру көп уақыт пен мұғалімнің де, балалардың да көп күш жұмсауын талап етеді. Сондықтан ауызша сөйлеу тілі формасы бір сәтте қалыпты балалар ортасында бейімделудің маңызды құралы ретінде есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептің дайындық сыныбының оқушылары үшін, қарым-қатынастың ең сенімді құралы бола алмайды.

Сөйлеу тілінің бұл формасы қызметі жағынан ауызша сөйлеу тіліне ұқсас келеді, өйткені оны қарым-қатынаста қолдануға болады. Екінші жағынан дактилді сөйлеу тілі жазбаша сөйлеу тіліне де ұқсас, әрбір әріпке белгілі бір дактилема сәйкес келеді. Ең маңыздысы, есту қабілеті зақымдалған балалар ауызша және жазбаша сөйлеу тілдерін қаншалықты деңгейде меңгергеніне қарамастан, аталған тілді меңгеру бұл балалар үшін қолжетімді. Дактилді сөйлеу тілі арқылы балалар өздерінің өтініштерін, тілектерін, сезімдерін жеткізе алады, сонымен қатар, өзін қоршаған дактилді сөйлеу тілін қолдана алатын адамдарды түсіне алады.

Дайындық сыныбының оқушылары арнайы оқытусыз да дактильді сөйлеу тілін тез меңгеріп алады. Алайда, есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытуда дактильді сөйлеу тілін үнемі қолдану мақсат емес, бұл балалардың тілді меңгеру үдерісін тездетіп, жеңілдету үшін қолданылатын шара деуге болады.

Есту қабілеті зақымдалған оқушыларды дактильді сөйлеу тіліне оқыту олардың сөздік қорының ұлғаюына және сөздік құрылымын жетік меңгерулеріне әсер етеді. Дактильді пайдалану барысында, балалар сөздердің әрқайсысын керекті дактилеммен белгілей отырып, оларды құрам бөліктерге ажыратады және бір бүтінге біріктіреді, яғни тілдік материалды есте сақтауға қажетті талдау мен жинақтауды жүргізеді. Дактильдеу кезіндегі саусақтардың қимылы, бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуы балалардың сөйлеу тілді меңгеруінде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу тіл мүшелерінің жеткілікті түрде дамымағандығынан, қолдың бұлшық етінің қимылдары тілдік қарым-қатынасты толықтыру құралы ретінде қолданылады. Есту қабілеті зақымдалған балалар қолдың саусақтарының қимылы арқылы, өздерінің сөйлеу тілінің дұрыстығын бақылай алады [1].

Дактильді сөйлеу тілін қалыптастырумен қатар, балаларды ауызша және жазбаша сөйлеу тілдеріне оқыту бірге жүреді. Дактильді сөйлеу тілін алдын-ала дамыту кері әсер етпейді, керісінше, балалардың сөйлеу тілдерінің одан ары дамуына септігін тигізеді. Балаларды ауызша сөйлеу тіліне оқыту дактильді формада меңгеріліп, тілдік қарым-қатынасқа енгізілген сөздерді дыбыстап айту білігін меңгеруді алға қояды. Дыбыс айтуды меңгеру деңгейіне қарай оқушылардың дактильдеп отырған сөздерінің ауызша айтылуы анық бола бастайды. Артикуляция дамып, тілдік кинестезиялар бекіген сайын, ауызша сөйлеу тілі дактильдеусіз қолданыла бастайды. Дактильді сөйлеу тілін меңгеру оқу мен жазуды меңгеруде көп септігін тигізеді. Балалар дактильдеп сөйлей отырып, оқу мен жазу дағдыларының негізін құрайтын сөздердің талдауы мен жинақтауын жүргізеді. Дактильденіп отырған сөзді қабылдай отырып, есту қабілеті зақымдалған балалар әріптік емес, дактильдік шрифті оқып үйренеді. Сөздердің әріптік құрамын меңгерумен, ауызша сөйлеу тілін дамыту жұмыстары қатар жүргізілген тиімді.

Сөзді талдау мен жинақтау білігі меңгерілмесе, жазуды меңгеру де мүмкін емес. Сөздердің жазылуы балалардан дактильдік сөйлеу тілінде қолданылатын әріптердің графикалық бейнелері жайлы білімдерді талап етеді. Бұларды оқушылар сауат ашу сабағында оқиды және дайындық сыныбының соңына қарай жазуды меңгереді. Дактильді сөйлеу тілін қолдану сауат ашуға оқыту үдерісін тездетіп, жеңілдетеді.

Жалпы дактилология немесе дактильдік сөйлеу тілі – бұл сөйлеу тілінің ерекше формасы. Дактилология термині грек тілінен аударғанда *dactylus* – *los* – саусақ, *logos* – сөз, білім деген мағынаны білдіреді. Оны XVI ғасырда дактильдік сөйлеу тіліне оқытуда пайдаланған. Оның тиімділігі естімейтіндердің естуі қалыпты тұлғалармен қарым-қатынас жасай алуы болды. Оқыту барысында мұғалімдер алғашында оны көмекші құрал ретінде пайдаланған [2].

Дактильдік азбуканы қол әліпбиі деп те атайды, әр дыбыс белгілі бір белгі арқылы көрсетіледі. Ол бір қолмен (бір қолдық дактильдеу) екі қолмен (екі қолдық дактильдеу) деп аталады.

Қол (саусақ) әліпбиі (Дактилология) - естімейтіндермен қарым-қатынаста қабылданған белгілер жүйесі. Бұл спецификалық қарым-қатынасты көру арқылы қабылдап, қол қимылдарымен орындайды, саусақтар әріпті бейнелейтіндей оны сызбадағыдай етіп қайталайды. Қазақ әліпбиінде 42 әріп болса, сонша дактилема - белгі бар [3].

Естімейтін тұлғаларға дактильдік сөйлеу тілімен кез-келген сөздерді түсіндіруге болады. Әрбір дактильдік белгі, белгілі бір дыбысты білдіреді. Бұл үдерісті ауада жазу деп атаса да болады. Бұл жазу солдан оңға қарай жүргізіледі. Дактильдік сөйлеу кезінде орфография, морфология, синтаксиске көп көңіл бөлінеді. Негізінен дактильдік сөйлеу формасы ауызша сөйлеу құралы ретінде қабылданады, бірақ жазбаша сөйлеу тіліне өте ұқсас. Сондықтан дактильдік сөйлеу тілі ауызша сөйлеуге қарағанда, жазбаша сөйлеу тіліне жақын. Дактильдік сөйлеу тілі көріп қабылдауға арналған. Дактильдеп сөйлеп тұрған адам сөйлеу тілін орфоэпиялық емес, орфографиялық тұрғыдан құрастырады. Дактильдік сөйлеу тілін естіп қабылдамайды, керісінше көрсетіліп жатқан белгілерді, яғни дыбыстарды оқып түсінеді. Дактильдік сөйлеу барысында сөйлемнің ретін шатастырып немесе сөздерді қысқартуға болмайды, себебі қабылдап тұрған адам оның мағынасын түсінбеуі мүмкін. Дактильдеу кезінде дыбыстар ауада жеке-жеке беріледі. Ол келесі дактильдік белгі пайда болғанға дейін берілуі керек. Егер бір дыбысты қайталап көрсететін болса, онда сөздің құрылымы бұзылады, сөйлемнің мағынасы өзгереді. Міндетті түрде анықтап және бір рет қана көрсету керек. Дактильдік жүйе тек балаларды оқыту үшін ғана құрылмаған, ол қарапайым күнделікті өмірде адамдар бірімен-бірі қарым – қатынасқа түсу үшін құрылған. Қазіргі таңда дактилологияны бүкіл әлемде қолданады, бірақ ол халықаралық ынтымақтастықта емес.

Тікелей қарым-қатынас барысында дактильді сөйлеу тілін меңгеру ерекшеліктеріне қысқаша тоқталсақ. Дактильдік әліпбиді түсіну техникасын үйрену оңай, ал басқа адамның қолынан дактильді оқу өте қиын. Біреудің қолынан тез әрі түсінікті оқу үшін, көрсетіп тұрған адамның сөздік қоры, көрсету техникасы, артикуляциясының анық болуы маңызды.

Мұғалімнің дактильдеуін оқу мен түсіну оқушының біліміне дактильдік техникасына байланысты болады. Егер бала дактильдік белгілерді нашар білсе, онда ол оқу үдерісіне кедергі жасайды, яғни баланың ауызша сөйлеу тілінің деңгейі төмендеп, берілген материалды дұрыс қабылдамайды [1].

Дактильдеу кезінде жіберілетін қателердің бірі дыбыстарды тастап кету және олардың орындарын ауыстыру.

Көп балалар дактилдік дыбыс белгілерін шатастырады немесе ажырата алмайды (Э, Ә, Х, Ы, Ы, Ш, Щ, Ж, Ф, Е). Мысалы, оларға «Э» дыбысының белгісін көрсетсе, бастапқы кезде ол оны «Х» деп қабылдайды, «Ж» белгісін «Ф» дыбысы ретінде қабылдау көп кездеседі.

Кей жағдайда естімейтін балалар бір белгінің орнына екі дыбысты көрсетеді (Е – ЕЕ, Ы – ЫЫ, Ы – ЭХ). Бастауыш сыныптарында балалар дыбыстарды шатастырады (Э – Е; Ы – Е; Х – О; С – У).

Оқу барысында дыбыстарды тастап оқу байқалады. Дыбыстарды тастап кету ол дыбыстарды шатастыру ғана емес, ол баланың сол дыбысты дұрыс түсінбегендігінің салдарынан болады.

Дыбыстарды шатастыру немесе түсінбеу жағдайлары:

- Дактилдік белгілерді білмеу (Ы – Д, С – О, Ы – Е, Э – Х, Э – Е, З – Е);
- Дактилдік белгілерді графикалық белгілермен шатастыру немесе көз алдына елестете алмау (Ы – ЫЫ, ХЫ – ХЕ, Е – ЕЕ, Г – ЫГ, Ш – Щ, И – ИМ);
- Дактилдеу барысында шатасу (Э – Х, Щ – Ш, Ы – Ы, Ж – Ф, И – И, Е – Е, О – Ә, Н – Ң, К – Қ, Г – Ғ, Х – Э, Ш – Щ, Ы – Ы, Ф – Ж);
- Дактилмалардың ұқсастығын ажырата алмау (Е – Е, Ж; Ы – С, Ы, Х, Г; Х – Э, З; Ш – Щ, Т, Ц; Ж – Ф, Е; Ы – Ы, Х, Э; Э – Х; П – Ц, К; П – Л);

Ауызша сөйлеу тілін қалпыстыру дактилдік сөйлеу тіліне оқытудан басталады, сол себепті мұғалімдер мен тәрбиешілер дактилдік сөйлеу тілін оқытуға мұқият болу керек. Үнемі дактилдеу барысын тексеріп, қадағалап отырған дұрыс. Оқу барысында балаларға рольдік ойындар және бақылау сабақтарында, жекеленген сөздер сөйлемдер жазылған плакаттар, табличкалардағы сөздер балаға таныс сөздер болуы керек. Тапсырма берілген кезде қателерді бірден түзеп, шатастырған белгілерді көрсетіп айырмашылығын түсіндіру керек. Дактилдеу кезінде ұқсас белгілерді анықтап көрсетіп түсіндіру маңызды (Ы – Ы – Г; Ж – Ф – Е; Э – Х – С; Щ – Ш – Ц; К – П – У – Т – М).

Дактилдеу кезінде кездесетін қателер:

- Сөйлемдерді аяғына дейін толық оқымау (ұстаз – ұста; директор – дир, ди);
- Сөйлемді қате құрау (Қарасай ауданы - аудан Қарасай);
- Сөздегі әріптердің орнын ауыстыру (дактилология – дактолонция, диология; экскурсия – эскурсия, эскурсия, эркуссия; синтаксис – ситпас, синтасия);
- Дактилдеуде ұқсайтын дактилемалардың орнын ауыстыру (журнал – фурнал, көше – пөше);
- Дыбыстарды тастап кету (көше – өше, вокзал – возал);
- Сөзді аяғына дейін оқымай өз ойынан құрай салу (журнал – Урал, шахтерлер – шахматтар);
- Сөйлемдегі сөздерді тастап кету;

Дактилдеудің дұрыстығы баланың сөздік қоры мен дыбыстарды меңгеруіне байланысты. Екі немесе үш рет қайталап дактилдеу баланың дактилдік оқу дағдысы мен дыбыстарды тез және дұрыс есте сақтап қалуына көмектеседі. Сыныпта дактилді нашар оқитын және дактилдеуді нашар білетін балалар кездеседі. Сол себепті балалармен жеке жұмыс жүргізілуі керек. Баланың қалай оқитынын және қалай дактилдейтініне қарай, тапсырмаларды үнемі күрделендіріп, түрлендіріп отыру керек. Кейде мұғалімдер балаларды дактилді жақсы түсінеді деп (естімейтін бала еріннен оқиды) дактилдеуді аяғына дейін бітірмейтін жағдайлар кездеседі. Естімейтін балаларды оқытатын әрбір мұғалім өзі дактилдеуді жақсы меңгеруі керек, себебі естімейтін баламен еститін адам дактилдеу кезінде тығыз қарым-қатынас жасай отырып, түсініседі. Дегенмен естімейтін балалар мен мұғалімнің сөздік қорларының бір-біріне мүлдем сәйкес келмейтіндігін мұғалім естен шығармауы керек. Оқу жылында дактилдеуді толығымен меңгерген бала берілген материалды есінде жақсы сақтайды. Сол себепті бала дактилдеуді дұрыс, нақты, анық үйренсе, ол әр сөздегі дыбысты анық және таза айтатын болады. Дактилді сөйлеу тілін дұрыс меңгерген балада, морфология, синтаксис, ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша сөйлеу тілі дұрыс қалыптасады. Дактилді сөйлеу тілі есту қабілеті зақымдалған балалардың қарым – қатынас жасау құралы мен ойлау қабілетін жақсартудың ең тиімді жолы болып табылады.

1. Методика преподавания русского языка в школе глухих: учеб. для студ. пед. высш. учеб. заведений / под ред. Л.М. Быковой. – М.: Владос, 2002.
2. Зайцева Г.Л. Жестовая речь. Дактилология: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений.- М., Владос, 2004.
3. В мире жестов. Тематический словарь жестового языка глухих граждан Казахстана. / Ергалиева А.У., Канагатова А.М. – Центр поддержки глухих инвалидов «Умыт». – Алматы, 2005.

Резюме

В статье рассматривается значение дактильной формы речи и ее соотношение с устной и письменной речью.

Summary

The article discusses the importance of dactil forms of speech and its relation to oral and written speech.

УДК 376.01-053.4-056.264

Сөйлеу тілі жалпы дамымаудың 3-ші деңгейіндегі балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың ғылыми-теоретикалық негіздері

Г.Б.Ибатова – аға оқытушы, п.ғ.м., Абай атындағы ҚазҰПУ
ibatova_g@mail.ru

Мемлекетімізде арнайы білім беру саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балалардың ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу қажет.

«Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы» (СТЖД) деген түсінік сөйлеудің фонетикалық, фонематикалық және лексикалық – грамматикалық жақтарының кемістіктерін белгілеп, барлық компоненттердің жүйелі бұзылуын атайды.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының сипаттамасын алғаш рет атақты ресей ғалымы Р.Е.Левина берген.

Бүгінгі таңда сөйлеу тілі жалпы дамымаған 3-деңгейдегі баланың жетілмеген сөйлеу тілін дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысты ұтымды және тиімді ету мақсатымен, түзете - дамыта оқыту жұмысы мазмұнында мектеп жасына дейінгілердің кейін мектепте коммуникативтік білігін өсіруді алдын – ала қарастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Түйін сөздер: сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, инклюзивті білім беру, вербалді, вербалсыз құралдар.

Сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) болып саналады. Ондай балалар кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Республикамызда ондай балалар әр түрлі арнайы білім беру, түзету мекемелерінде көмек алуға құқылы.

Бүгінде, дамуында ауытқуы бар балаларға, олардың ата-аналарына деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруде. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты Қазақстанның бірқатар халықаралық құжаттарға қол қоюы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» Заңы, 2005ж. оларға қатысты біршама мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Соның бірі ретінде, қазіргі білім беру мекемелеріне арнайы тағайындалған мемлекетіміздің маңызды заңдарының бірінде көрсетілгендей инклюзивті білімді дамыту шаралары қолға алынуда. Инклюзивті білім беру – мектеп жасына дейінгі әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі.

Республикада арнайы оқыту саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балалардың ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу қажет.

«Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы» (СТЖД) деген түсінік сөйлеудің фонетикалық, фонематикалық және лексикалық – грамматикалық жақтарының кемістіктерін белгілеп, барлық компоненттердің жүйелі бұзылуын атайды.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының сипаттамасын алғаш рет атақты ресей ғалымы Р.Е.Левина берген. Ол есту қабілеті мен зияты қалыпты дамыған балаларды сипаттап атаған, оларда тілдің дыбыстық және мағыналық жағына қатысты, сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуы бұзылған. Аталған балаларда сөйлеу тілі кеш пайда болады, сөз қоры аз, аграмматизмдер, фонеманың жасалу процестері бұзылған болады.

Р.Е.Левина және оның шәкірттерінің зерттеулері сөйлеу тілінің дамымауы әр түрлі деңгейде көрініс табатынын атап көрсеткен: «Сөйлеу тілінің толық болмауынан немесе оның сыбырлау жағдайынан толық сөйлеу тіліне дейін. Бірақ фонетикалық және лексикалық- грамматикалық дамымаушылық элементтерімен бірге» тіл компоненттерінің жетіспеушілігінің ауырлығының көрінуіне байланысты Р.Е.Левина мұндай балалардың сөйлеу тілі дамымауының үш деңгейін ажыратуды ұсынды: алғашқы екеуі сөйлеу тілінің дамымауының терең деңгейін сипаттайды, ал үшіншісі лексика, грамматика және фонетиканың дамуындағы тек жеке кемшілігінен көрінеді.

Логопедияда, сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жақтардың қалыптасу деңгейіне сүйеніп Р.Е.Левина шығарған сөйлеу тілінің жалпы дамымауының үш деңгейі қолданылған. Әдебиеттердің мағлұматтарына сүйенсек зияты сақталған СТЖД 5 – 6 жастағы балаларда сөйлеу тілі дамымауының ішінде ең кең тарағаны

3- деңгейі.

Бұнда балаларда байланыстырып сөйлеуі дамығанымен фонетикалық – фонематикалық және лексикалық - грамматикалық кемістіктері байқалады. Яғни ызың, ысқырық дыбыстарды нақты айтпау; ұяң, үнді дыбыстардың айтылуы жетілмеген; дыбыстарды үнемі ауыстырып, шатастырады, тастап кетеді; сөздерді қысқартады; заттардың бөліктерін тұтас атаумен ауыстырады; сыртқы белгілері мен қолдануы жақын сөздерді шатастырады; түстерді ажырата алмайды; жалғау жұрнақтардың пайдалануы бұзылған; олардың мәнін толық түсінбейді; сөз тіркестерінің дұрыс байланысы сақталмайды. Дыбыс айтудың және фонематикалық естудің бұзылуынан болған сөз қорының шектеулі сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының даму үрдісін тежейді. (Р.Е.Левина, Т.Б.Филичева, Т.В.Чиркина, 1985).

Левинаның мәліметтері бойынша СТЖД балаларда сөздің дыбыстық құрамында жеткіліксіз бағыттаушылық ана тілінің морфологиялық жүйесін меңгеруіне кері әсерін тигізеді.

СТЖД орыс тілді балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуы әдебиеттерде кең ашылған.(Р.Е.Левина, Е.Ф.Соботович, Л.Ф. Спинова, Ф.Б.Филичева, Г.Б.Чиркина, М.С. Грушевская). Сөз бен сөйлем элементтерінің грамматикалық түрлерін бөлу және меңгеру кезектілігін сөйлеу тілінің дамуы қалыпты және бұзылған балаларда сәйкес болады.

Алайда сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөйлеу тілінің грамматикалық түрлерін меңгеру әр түрлі жас кезеңінде өтіп, оларды меңгеру жылдамдығы созылады және тек берілген категориядағы балаларға тән ерекшеліктер пайда болады.

Көптеген авторлардың айтуынша ең тұрақты ерекшеліктерге аграмматизмдер жатады. Л.В. Мелехова белгілегендей аграмматизмдердің саны сөз қорының молаюына қарай көбейеді.

СТЖД балалардың сөйлеу тілінде сөйлемдердің қалыптасуы С.Н.Шаховская (1971), Л.Ф.Спинова (1980), Н.С.Жукова (1943) т.б. мәліметтерінде көрініс тапқан.

Н.С.Жукованың анықтауы бойынша, ерте сөйлеу дизонтогенезінің белгілеріне сөздерді морфологиялық жағынан дұрыс қолданбауы жатады. Сөйлемде пайдаланатын сөздердің бір – бірімен грамматикалық байланысы болмай, баламен тек бір түрде ғана қолданылады. Мысалы: мен мама барады. Бұл тенденция көп жылдарға дейін созылуы мүмкін. Көпке дейін грамматикалық жағынан дұрыс та, дұрыс емес сөйлемдер де қолданылады.

Сөйлеу арқылы қарым – қатынасты орнату үшін ойды дұрыс жеткізу керектігі мәлім. Бұл үрдіс сөйлемдер арқылы жүзеге асады. Сөйлеу тілінің бұзылуы кезінде сөйлемдер құрастыру мен қолданудың қиындықтары сөйлеу тілінің аграмматизациясынан көрініс табады.

С.Н.Шаховскаяның айтуы бойынша сөздердің нөлдік түрінің ұзақ қолдануы балалардың жаттанды, үйреншікті сөзді ауыстыра алмауына байланысты болады. Сонымен бірге олар өз ойларын байланыстырып, кезекпен айта алмайды, синтаксистік құрылымдары мен сөз қоры кедей болады, сөйлем мағынасын толық жеткізбей, жиі кідіріс, үзіліс жасайды.

Л.Ф. Спинованың (1980) мәліметтері бойынша сөйлеу тілі жалпы дамымаған кезде, балалар сөйлемдерді пайдалануда тек бір сөзді жиі қолдануы байқалады. Бұндай сөз – сөйлемдер 7 -8 жасында да кең пайдаланады.

«Сөйлемдегі әрбір сөзді нақты мағынада қолданып, нақты орынға қойып басқа сөздермен байланыстыру керек, ал бұл СТЖД балалар үшін 3-4 сыныптарда да қиынға соғады». (Л.Ф. Спинова, 1980, 87 б.). Сондықтан сөйлем көлемінің, ондағы сөздер санының көбеюіне қарай соғұрлым грамматикалық қателер де көбейеді.

Сөздерде дыбыстық бейнелердің жоқ болуы және тұрақсыздығы сөйлемнің пайда болуын ұзаққа созады. Қарапайым сөздікті меңгеруіне қарай балаларда толымсыз сөйлемдер пайда бола бастайды. Кейін сөздіктің кеңеюіне қарамастан олар негізгі синтаксистік бірлік ретінде қолданылады. (Е.Ф.Соботович, 1981, Л.Ф.Спинова, 1980).

Р.Е.Левинаның мәліметтері бойынша, балаларда сөз өзгерту дағдылары ерекше тежелген. Мысалы. Балалар жекеше түрде берілген зат есімді көпше түрге және керісінше жекеше түрге ауыстыра алмайды. Сонымен қатар түбірлес сөздерді жалғау – жұрнақ арқылы өзгертудің күрделі тәсілдерін өте сирек қолданады.

Сонымен, СТЖД балаларда сөз тудыруда қателер белгіленеді. Сонын нәтижесінде сөйлемдерде сөздердің синтаксистік байланысы бұзылады.

СТЖД балалардың грамматикалық құрылымын түсінуі бұзылғаны туралы мәліметтер бар (Н.Н.Трауготт, 1940; Орфинская, 1960; Г.Н.Жаренкова, 1967).

Н.Н.Трауготтың айтуы бойынша естуі мен зияты қалыпты СТЖД балаларда мөлшерден ауытқыған, кедей сөз қоры мен грамматикалық категориялардың өзгеше қолдануы байқалады. Балалар меңгерген сөздерді әр түрлі сөйлеу арқылы қарым – қатынаста қолдана алмайды және бір жағдайда дұрыс айтқанымен, басқа жағдайда жоғалтып алады.

В.К.Зимичева белгілегендей бірінші сыныпқа келетін балалардың бірқатарында сөйлеу тілінің жетілмеуінің үшінші деңгейі анықталады. Олардың лексикалық – грамматикалық дамымауына әрекетті білдіретін сөздерді ауыстыру, сөз қатарын бұзуы байқалады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тексергенде М.С.Грушевская жалпы санның ішінен 7 % СТЖД балаларды анықтаған. Бәрінің зияты сақталған. Болашақ оқушылар, Грушевскаяның айтуы бойынша, грамматикалық құрылымы жағынан мүлдем басқа және қарапайым сөйлемдерді пайдаланады.

С.А.Миронова (1989) айтуынша сөйлеу тілі дамымаған балаларда сөйлеу қиыншылықтарымен қатар қарым – қатынаста вербалді коммуникацияның төмен белсенділігі байқалады.

3-4 жастағы СТЖД бар балалар сөйлеу қатынасының шектеулілігінен көбінесе вербалді емес тәсілдерді жиі қолданады.

СТЖД балаларда сөйлеу әрекеті ғана емес, психикалық функциялар да толық қалыптаспайды. Бұзылған сөйлеу тілінің дамуы мен сөзсіз функциялар арасындағы байланыстарды зерттеулерді Р.Е.Левина, Л.Ф.Спинова, Е.М.Мастюкова, т.б жүргізген. Мысалы Е.М.Мастюкованың зерттеулері бойынша СТЖД балаларда сөзсіз функциялардың жеткіліксіз дамуы белгіленген.

А.Г.Соловьева бойынша (1996) СТЖД балаларда сөйлеу тілінің дамуының жеткіліксіздігінен олардың толық қарым – қатынасқа түсуі әлсіз болады. Коммуникативті функциялардың бұзылуы қарым – қатынас жасауға қажеттілігінің төмендеуі, диалогтық және монологтық сөйлеудің қалыптаспауы, мінез – құлық ерекшеліктерінде көрініс табады.

О.А.Слинько мәліметтері бойынша (1992) сөйлеу тілінің даму деңгейі тұлға аралық қатынастарды орнатудың маңызды факторы болып табылады.

Ауыр сөйлеу тілінің кемістігі тобындағы баланың жағдайына теріс әсер етіп, тұлғалық ерекшеліктері мен социометриялық статустың дамуына негіз салады.

Б.Б.Баймұратова төменгі мектеп жастағы балалармен сөйлеудің грамматикалық құрылымын меңгеруін жалпылама түрде зерттеген. Оның мәліметі бойынша 4 жастағы балалар жекеше түрдегі зат есімдерді барлық септіктерде септей алады. Мұнымен бірге, балабақшада тәрбиеленетін балалардың 40 % және үйде тәрбиеленетін балалардың 15% зат есімнің көпше түріне ауыстыра алатынын көрсеткен.

Т.Т. Аяпованың байқауынша баланың сөйлемінің грамматикалық жағының дұрыс қалыптаспауы екі сөзді сөйлемдерден басталады. Мысалы: шай тәтті. Мына шай тәтті. Бір сөзді және екі сөзді сұраулы сөйлемде синагорнизм заңына бағынбайтыны белгіленген: Мама келе ма?

Осы авторлардың мәліметтерінде баланың сөйлеу тілінде бірінші түрленетін жатыс септік, ал жалғаулардан барыс септік жалғаулары – пайда болатынын көрсеткен.

Кейінірек зат есімі бар етістікті сөз тіркестер қолдана басталады (2 – 2,3 ж.). Бірақ олар басқа сөз тіркестерге қарағанда сирек қолданылады.

Етістікті сөз тіркестерін барыс, жатыс және шығыс септіктердегі есімдермен қолданады. Мысалы: мамаға барамын; менде жоқ; апамен ұйықтаймын.

Шет ел ғалымдарының пікірінше, сөзжасамның жетекші қызметі шынайы әлемді сөздер әлемі арқылы тану деп есептеді. Түрлі мемлекет ғалымдарының ойлары балаларда сөзжасам іскерлігі мен дағдысының пайда болуының жас шегін анықтауда бір жерден шықпайды, бірақ мектепке дейінгі жаста неологизмдердің көрінуінің өзгешелігін бірауыздан мойындады. Сонымен, баланың сөзжасамдық және сөзөзгерту әрекеті оның тілден хабардарлығын, әсіресе сөздің лексикалық тобы туралы білімін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғанның бәрін қорыта келе, біз мынандай тұжырымға келдік: СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың тілінің грамматикалық жағы (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау) мәселесі әдебиеттерде аз қарастырылған. Сонымен, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың тілдік, атап айтқанда сөзжасам, сөзөзгерту және сөйлем құрау мүмкіндіктерін жан – жақты зерттеу мәселесі ауызша және кейін жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде өзекті болады.

Осы тараудағы айтылғанды қорытындылай келе, балалардың ана тілінің сөзжасамын уақытылы меңгеруін маңызды деп есептеуге болады, себебі:

- оның барысында тілдің лексикалық құрамы сандық және сапалық жағынан молайып, топтастыру, детализациялау, белсендіруі дамиды;
- сөзжасам процестері тілдің грамматикалық жағының және байланыстырып сөйлеуінің дамуына үлкен әсер етеді;
- сөзжасам келесі функцияларды атқарады: номинативті, конструктивті, компрессивті, экспрессивті, стилистикалық;
- баланың когнитивті дамуымен тығыз байланыста бола тұра, сөзжасам қоршаған ортаны сөздер әлемі арқылы тану үрдісін қамтамасыз етіп, баланың барлық психикалық функцияларын ынталандырады;
- сөзжасам үрдістерінің уақытылы қалыптасуы, сөйлеу тілінің қалыпты дамуының көрсеткіші болып табылады;
- сөзжасам, баланың сөйлеу қабілетінің және сөйлеу коммуникациясының қалыптасуының маңызды кезеңі болып табылады;
- сөзжасау қабілетінің қалыптасқандығы ауызша сөйлеу тілінің дамуында маңызды.

Мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған 3-деңгейдегі балаларда сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдыларының даму деңгейі бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Тек, қазіргі таңда СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеумен айналысып жүрген ізденушілердің жеке зерттеулері ғана бар.

Әдебиеттерді талдау барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдыларын) қалыптастыру проблемасы бойынша Ресей зерттеушілерінің жұмыстары бар екеніне көз жеткіздік. Ал, осындай тіл кемістігі бар, мектеп жасына дейінгі қазақ балаларының сөзжасам дағдыларын қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеулер аз, тіпті жоқтың қасы десе де болады.

Сондықтан да, сөйлеу тілі жалпы дамымаған 3-деңгейдегі баланың жетілмеген сөйлеу тілін дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысты ұтымды және тиімді ету мақсатымен, түзете - дамыта оқыту жұмысы мазмұнында мектеп жасына дейінгілердің кейін мектепте коммуникативтік білігін өсіруді алдын – ала қарастырған дұрыс.

Қолданылған әдебиет:

1. Барменкова Т.Д. Характеристика нарушения связных высказываний у детей дошкольного возраста с ОНР: Дис. канд. пед. наук. М 1996. -177 с.
2. Глухов В.П. Формирование связной речи детей дошкольного возраста с общим речевым недоразвитием. Москва.: АРКТИ, 2002. 144с
3. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері. Материалы Международной научно-практической конференции: «Модернизация педагогического образования: проблемы и перспективы» 26.11.2008ж.-98-105б.
4. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Формирование лексики и грамматического строя речи у дошкольников с общим недоразвитием речи. СПб., 2001. 224 с. 74.

Резюме

В статье приводится обзор литературных источников по научно-теоретическим основам логопедической работы с детьми с общим недоразвитием речи 3-го уровня.

Summary

The article provides an overview of the literature on scientific and theoretical foundations of speech therapy work with children with general speech underdevelopment third level.

УДК 376.01

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҮЛҒА ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Аугаева А.Н. – п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бекбаева З.Н. – п.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада мүмкіндігі шектеулі тұлға әлеуметтенуінің әлеуметтік-психологиялық механизмдерінің маңызы қарастырылған. Зияты зақымдалған оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мен қарым-қатынасқа бағыттауда әлеуметтік нормаларды үйрету өте көкейкесті мәселе қатарында тұрады. Өйткені әлеуметтік орта мен әлеуметтік нормаларды игеру бір бірімен біте қайнасып жатқан процесс. Тұлға қабылдаған нормалық жүйелер мінез-құлық сферасының барлық мотивациялығын, мағыналылығын анықтайды. Әлеуметтік норма тұлғаның құндылықтық жүйесін ескермеген кезде, адамның мінез-құлқы асоциалды мінезге айналады. Егер әлеуметтену процесінің мәні тұлғаның тұрақтануы мен қалыпты өмір сүруіне бағытталған әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, ролдерді игеруіне жалпы және тұтастай арналса, онда “асоциализация” термині тұлғаның қоғамдық байланыстардың деформациялануына, қоғамның тұрақсыздығына объективті түрде соқтыратын, қоғамға, әлеуметтікке қарсы нормаларды, құндылықтарды, кері ролдерді, ұстанымдарды, мінез-құлық стереотиптерін игеру процесін білдіреді.

Тұлға әлеуметтенуіне қарсы асоциализациялық, десоциализациялық, ресоциализациялық механизмдерінің мәні ашылған.

Түйін сөздер: әлеуметтік норма, әлеуметтік орта, бейімделу, тәртіптілік, қарым-қатынас, асоциализация, десоциализация, ресоциализация.

Қазіргі қоғамдағы мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеудің әлеуметтік негіздері оқушының тілектестік, қайырымдылық, сезімталдық, әділеттік жолдастық және ұжымшылдық сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға сүйенеді.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың адамгершілік-құқықтық санасы мен соған сәйкес, арнайы мектеп оқушыларын тұлғалық бағытта тәрбиелеу, адамгершілік пен құқықтық мінез-құлықты жүзеге асыратын жүйені қалыптастырмай тұрып, толық әлеуметтік бейімдеу мүмкін емес. Өйткені зияттағы ақаулық жеке тұлғаның мінез-құлқындағы әлеуметтік ауытқулардың мүмкіндігін көтеретін әлеуметтік-құқықтық мінез-құлықты қамтамасыз етуші міндеттерді түбегейлі қиындатады. Сонымен қатар әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, зияты зақымдалушылардың құқыққа қарсы мінез-құлық мәселелері (Г.Г.Запругаев, В.В.Королев, А.П.Северов, В.Н.Синев және т.б.), зияттың ақауы қоғамға қауіп туғызатын кез-келген жағдайларда негізгі фактор ретінде қарастырылмайды. Сонымен қатар зияттың ауытқуы бас ми қызметінің зақымдалуы салдарынан тұлғаның ортаға бейімделу қабілетінің бұзылуы. «Психикалық аномалия (соның ішінде олигофрения) – тұлғаның әлеуметтік-психологиялық деформациясының себебі емес, оны тудырушы салдар ғана бола алады» - деп жазады В.В.Королев. Олар оқу мен еңбек іс-әрекеттеріне қиындықтар туғызуға тікелей әсер етіп, тәрбиеленушілер мен құрдастарының арасындағы қарым қатынасты бұза отырып, ондағы қоғамға қарсы көзқарастар мен бағыттарды қоюға әсер береді, нәтижесінде индивидтің қоршаған ортаға қарсылығын тудырады.

Отандық олигофренопедагогика оқушыларды тәрбиелеудің әлеуметтік бағыттары ретінде арнайы және жалпы мектепті бекітеді.

Арнайы мектепте зияты зақымдалған оқушыларды тәрбиелеуде тәрбиенің барлық түрлерінің маңызы ерекше және олар келесідей бағыттарды қамтиды: адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі

Адамгершілік тәрбиесі бойынша мектеп оқушыларды отанын сүйуге, қоғамға пайдалы, еңбек етуге, қоғамдық құндылықтарды қорғауға, ұжымға және жолдастық өзара көмек беруге, адамдар арасындағы өзара сыйластыққа және адамгершілік қатынасына, адами тазалық, өмірде қарапайымдылыққа, арамдық, әділетсіздікке қарсы болуға, достықта оларды рухани өсуге, ұлттық және нәсілдік қайшылықтаға қарсы болуға тәрбиелесе, еңбекке тәрбиелеудің мәні - болашақта қажет болатын еңбек әрекетіне қатысты барлық жұмысты қамтамасыз ету, яғни еңбек етудің жалпы және арнайы (кәсіби) білім, икемділік пен дағдыларын қалыптастыру, еңбекке ету үшін дене, зият, инабаттылық пен ерік-сезім қасиеттерін дамыту. Эстетикалық тәрбие – оқушылардың бойында қоршаған орта, табиғаттың әдемілігі мен әсемділігін толық қабылдауын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әрекеттер жүйесі. Зиятында ауытқуы бар балаларды эстетикалық тәрбиелеу әр түрлі ойын, еңбек, көркем, таным әрекеттер негізінде қалыптасады. Арнайы мектептегі эстетикалық тәрбиенің негізгі тәсілдері:

- еңбек, тұрмыс пен әлеуметтік қарым-қатынастарды эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыру (күнделікті әдемілік пен ұқыптылықты тәрбиелеу);
- табиғаттың әсемділігіне сүйену (бақылау арқылы үйрету, саяхаттарға бару);
- өнер құралдарын пайдалану (ән-күй, сурет, еңбек, ана тілі сабақтарында, мұражай мен көрмелерге бару, үйірмелер арқылы жүзеге асады).

Сонымен қатар тәрбиенің маңызы бір түрі - дене тәрбиесі – арнайы мектептегі сауықтыру жұмысымен бірге жүретін бағыттардың бірі. Арнайы мектеп оқушыларында дене дамуы мен денсаулығы төмен көрсеткіштерге ие. Балалардың кемістік түріне қарамастан көбінде қан-тамыр, демалу жүйелерінде аурулар кездеседі. Салмақтары мен бойы қалыпты балаларға қарағанда төмен, тірек-қимыл қозғалысында жетіспеушіліктер байқалады (бұлшық еттерінің әлсіздігі, жүрісіндегі кемістіктер, ұсақ және жалпы моторикасындағы ақаулар т.б.). Дене шынықтыру оқу бағдарламалары оқушылардың денсаулықтарын дамыту мен кемістіктерін түзету мақсатында түрлі шараларды (гимнастика, спорт ойындары т.б.) қамтиды.

Зияты зақымдалған оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мен қарым-қатынасқа бағыттауда әлеуметтік нормаларды үйрету өте көкейкесті мәселе қатарында тұрады. Өйткені әлеуметтік орта мен әлеуметтік нормаларды игеру бір бірімен біте қайнасып жатқан процесс.

Зияты зақымдалған оқушыларда әлеуметтік-құқықтық нормаларды дамыту шараларын ұйымдастыруда тәрбиеші мен мұғалімнің ролі ерекше жауапты және күрделі. Ол бірінші болып өзінің тәрбиеленушілеріне ерікті, саналы, әрі жолдастық тәртіп ретінде тәрбиенің мәнін түсіндіреді. Ол оқушылардың санасына біздің тәртіптегі ең басты нәрсе мәжбүр ету мен тыйым салу емес, әркімнің өз қоғамдық борышын терең түсінуі, оқушылар ұжымына және тұтастай алғанда, қоғамға пайда келтіруге шын ниетімен тырысу деген ойды жеткізеді, біздің қоғамның белсенді қоғамдық өмірдің адамгершілік нормаларын бұзушылар мен ерікті және саналы түрде күресетінін, біздің адамгершілігіміздің негізгі қоғамды ойдағыдай орнату үшін белсене күресу болып табылатындығын ұғындырады.

Арнайы мектеп өзінің тәрбиеленушілерін жеке өмір мен қоршаған ортаға бейімделуге дайындайды. Яғни мүмкіндігі шектеулі тұлғаның тәрбиесі, өзіндік мінез-құлық өмірлік түрлі жағдайларда қоғамдық әлеуметтік нормаға сәйкес келуі тиіс.

Әлеуметтік норма – жалпы мақұлдаған формадағы жарлық, әлеуметтік мәнді жағдайлардағы мінез-құлық тәсілі. Әлеуметтік нормалар негізінде мінез-құлықтар: нормалы (әлеуметтік бейімделген), ауытқыған (девиантты) және нормаға қарама-қарсы (құқыққа қарсы) мінез-құлық болып бөлінеді.

Әлеуметтік нормаларды меңгеру, оларды тұлғаның ішкі дүниесіне енгізу – бұл сыртқы үлгілермен ұқсастыру процесі емес, тұлға санасының құрылу процесі деп аталады. Әлеуметтік нормалар жеке сананы қалыптастыра отырып, оның құрылымын ұйымдастырады. Интернализмді әлеуметтік нормалар тұлға мінез-құлқын реттеушісі болады. Бірақ олар мінез-құлықты тікелей емес, сананың сәйкес ұйымдасуы, тұлғалық мәндер мен бағалар жүйесінің қалыптасуы арқылы реттейді [1].

Ал тәртіптілік - адамның бойында қалыптасушы аса маңызды адамгершілік сапалардың бірі. Олай болса, әлеуметтік-құқықтық нормалар мен мінез-құлық мәдениетінің ережелерін сақтауда оқушының тәртіптілігі көрінеді. Тәртіп пен мінез-құлық мәдениетінің өзара байланысын А.С. Макаренко: "Тәртіптің бұл жағы-тәртіптің әсемді, тәртіптің эстетикасы-өте мәнді болады"- деп өте шебер және дәл атап көрсеткен еді.

Адамның мінез-құлқын сипаттайтын ішкі және сыртқы сапалардың арасындағы өзара байланыс өте күрделі және диалектикалы. Мінез-құлықтың сыртқы тәсілдері көп жағдайда жеке адамның ішкі ерекшелігін айқындайды және қалыптастырады. Жасөспірімдердің мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін дамыту және мінез-құлықтың адамгершілік нормалары мен ережелері туралы білімдерді игеру біртұтас процесс екендігі жайында көптеген педагог-ғалымдар өз еңбектерінде жариялады.

Тұлға қабылдаған нормалық жүйелер мінез-құлық сферасының барлық мотивациялығын, мағыналылығын анықтайды. Әлеуметтік норма тұлғаның құндылықтық жүйесін ескермеген кезде, адамның мінез-құлқы асоциалды мінезге айналады. Егер әлеуметтену процесінің мәні тұлғаның тұрақтануы мен қалыпты өмір сүруіне бағытталған әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, ролдерді игеруіне жалпы және тұтастай арналса, онда "асоциализация" термині тұлғаның қоғамдық байланыстардың деформациялануына, қоғамның тұрақсыздығына объективті түрде соқтыратын, қоғамға, әлеуметтікке қарсы нормаларды, құндылықтарды, кері ролдерді, ұстанымдарды, мінез-құлық стереотиптерін игеру процесін білдіреді.

Тұлға асоциализациялануының әлеуметтік-психологиялық механизмі қандай, ол қалайша қоғамға қарсы мінез-құлық жолына түседі? Асоциализацияланудың ертерек сатысында, балалар немесе жеткіншектер өмірдің асоциалды салтын, теріс мінез-құлық үлгісін көрсететін ересектерден белгілі бір субмәдениетті білместікпен немесе аздап түсіне отырып қабылдау механизмі басты болып табылады. Бұл жағдайда оларда ересек болып көріну тілегі, осы кері микроортада қолдау табу негізгі себеп ретінде болады. Соңғысы осындай мінез-құлық үлгілерінің бекінуін қолдап, керісінше мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормаларды теріске шығарады. Басқаша айтқанда бұл жерде тұлғаға әлеуметтік бақылау жүргізеді. Оның барысында тұлға орталық пікірінше "қалыпты" жағдайдағы мінез-құлқына сай позитивті (мақтау, қолдау, қуаттау) санкциялары немесе осы ортадағы белгіленген мінез-құлық ережелерінен ауытқығын кездегі негативті (қолдамау, ұрып-соғу, қоқан лоққысы, ұрсу, т.с.с.) санкциялар қолданылады. Мысалы, мейірімділік, еңбексүйгіштік, мейірбандық әжуәланып, және керісінше қатыгездік, адал еңбекті жек көру қуатталуы мүмкін.

Тұлғаның асоциализациялану процесі негізінен стихиялы түрде білместікпен жүрсе де, ол әлеуметтену сияқты белгілі мақсатта жүруі мүмкін. Өйткені ата-аналар мен қылмыстық топ жетекшілері жеткіншектерді (десоциализация оқиғасында – ересектерді де) қылмыстық мінез-құлыққа саналы түрде, мақтау мен жазалаудың жоғарыдағы механизмін қолдана отырып, қылмыстық іс-әрекетке бірте-бірте тарту жолымен үйретуі мүмкін. Кеңірек әлеуметтік ортаның әлеуметтенудің басқа институттарының әсерін ескере отырып, мұндай "оқытушы" оқушының қылмыстық мінез-құлқын позитивті, қоғам қолдайтын құндылықтармен, мысалы, адалдықпен, әділдікпен, жақынына деген қамқорлықпен анық мәнін жасыра отырып көрсетуге тырысады [2].

Мінез-құлықтың қылмыстық жолына түскен тұлғаға қатысты қоғам әлеуметтендіру институттары, әлеуметтік бақылау органдары түрінде ресоциализацияны, яғни тұлғаның әлеуметтік қалпына келу процесін, оның қоғамның оң көзқарасындағы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қайта игеруді (десоциализация кезінде) немесе бірінші рет игеруді (асоциализация немесе десоциализация кезінде) жүргізе бастайды. "Ресоциализация" терминіндегі "ре" қосымшасы тұлғаның асоциализация (десоциализация) процесінде қабылдаған теріс, қоғамға қарсы нормалар мен құндылықтарын қиратуды, демонстрациядау және оған қоғам қолдайтын оң нормалар мен құндылықтарды үйретуді білдіреді.

Әлеуметтендірумен және әлеуметтік бақылаумен айналысатын қоғам, әлеуметтік институттар тұлғаның қоғамға қарсы жолға түскенін тіркей және тиісті ресоциализация шараларын қабылдай алады. Бұл жағдайда әлеуметтендіру процесін жүзеге асыратын жоғарыда айтылған әлеуметтік институттар – жанұя, мектеп, еңбек, әскери, оқу ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдарының алдын алу құрылымдары іске қосылады. Көбінесе, осындай шаралар көмегімен тұлғаны ресоциализациялау процесін бостандығынан айырмай-ақ жүргізуге болады. Бірақ асоциализация (десоциализация) қоғамнан жасырын жүргізілсе, аталған әлеуметтендіру институттарының қызметінде белгілі бір кемшіліктер, келіспеушіліктер жіберілсе және тұлға қылмыстық жаза қолданылатын әлеуметтік қауіпті іс жасаса, онда ол үкім бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан табылуы мүмкін. Ресоциализацияның бұл кезеңінің мәні-тұлғада қоғаммен әлеуметтік пайдалы байланыстарды қалпына келтіру мен жетілдіруде, асоциалдық мінез-құлық пен ролдерді қиратуда, мінез-құлықтың оң үлгілерді, әлеуметтік құндылықтарды игеруге, бекітуде болып табылады. Мұндай жағдайда кәмілетке толмағандарға арналған еңбек- тәрбие колониялар, еңбекпен түзеудің жалпы, қатал және ерекше режимдегі колониялар мен ересек сотталғандарға арналған түрмелер

сияқты арнайы институттар ресоциализацияны жүргізеді. Мұндай әлеуметтік институттарының басты мақсаты сотталғандарды түзету және қайта тәрбиелеу, яғни оларды ресоциализациялау болып табылады [3].

Ресоциализация мәселесі тек сотталғандарды түзетумен байланысты емес, ол әлеуметтендірудің қалыпты процесіне сотталғандарды және адамдардың басқа категорияларын: науқастарды, нашакорларды, авариялар, әскери іс-әрекеттер, табиғи дүлей зілзалалар кезінде стерсс алған адамдарды қосу мәселесіне тіреледі. Сондықтан қазірде “әлеуметтік бейімделу” түсінігімен қатар, әлеуметтік психологияда “әлеуметтік қалпына келтіру (ақтау)” термині де кең қолданылады. Көбінесе бұлар бір-біріне синонимдес, тым болмағанда олар әлеуметтік жұмыстардың негізгі мазмұнын құрайды. Бірақ, олардың арасында айырмашылықтар бар - ең алдымен әлеуметтік жұмыс объектісінде. Әлеуметтік бейімделу дені сауларға да, науқас адамдарға да қажет. Мұндай адамдар тек әлеуметтік көмек қана емес, сондай-ақ психотерапия, психокоррекция (аутотренинг және басқалар) қажеттілігін сезінеді. Әлеуметтік кернеуді (реабилитацияны) түсірмей, әлеуметтік бейімдеу мүмкін емес, бұл жағдайда тек әлеуметтік функцияларды қалпына келтіру ғана емес, сондай-ақ психикалық жағдайларды қалыптастыру маңызды болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Социальная психология: Учеб. пособие для студентов высш. учебн. заведения / А.Н.Сухов, А.Н.Казанцев и др./ Под ред. А.Н.Сухова, А.А.Деркача. - М.: Изд. центр “Академия”, 2001. - 600 с.

2. Еникеев М.И. Социальная психология: Учебник для вузов. - М.: “Издательство ПРИОР”, 2000. - 160 с.

3. Социальная психология в схемах и комментариях: Учебное пособие / В.Крысько. - СПб.: Питер, 2003. - 286 с.: ил.

Резюме

В статье рассматриваются социально-психологические механизмы социализации личности детей с ОВР. Раскрывается сущность механизмов асоциализации, десоциализации и ресоциализации, в противопоставлении социализации личности.

Summary

In the article the socially-psychological mechanisms of socialization of личностидетей are examined with ОВ. Open up essence of mechanisms of аsocialization, десocialization and ресocialization resisting socializations of personality.

УДК 616.98:578.828

ЖИТС-ТІҢ ЖҰҒУ КӨЗДЕРІ МЕН ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУЫНЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Д.Қ.Байдосова - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы.

Ұсынылып отырған мақалада автор ЖИТС-тің жұғу көздері мен жұғу жолдарының алдын алуының гигиеналық негіздері туралы сипаттайды. Мақалада автор көрсетуі бойынша ЖИТС дерті шығу тарихы шет елдерден шығып, тарай отыра алдығы ғасырда ақ біздің елімізде де етек жайғанын айтады. Сондықтан мұнымен күресу жолдары елімізде дұрыс ұйымдастырылып, бақыланып отырылатыны жайында сөз қозғайды. Сонымен бірге ДДҰ мәліметі бойынша АИВ жұқтырғандардың саны жыл бойында қаншалықты болғандығы оның салыстырмалы түрде тіркелетіндігі, болжамы қандай және қай мемлекеттерде басымырақ сол жайында айтылады. Вирус тек қан арқылы ғана ағзаға жұғатынын және вирус жұққан адам ол вирус тасымалдаушылар екендігін мәлімдейді. ЖИТС-пен қала тұрғындары жиірек ауыратыны, оған жөнсіз жыныстық қатынас, шектен тыс сексуальдық еркіндік, жезөкшелік, гомосексуализм, нашакорлар т. б. жайлар себеп болатыны туралы мақалада айтылады. Бала туу мүмкіндігі бар әйелдердің арасында ЖИТС тарала бастауына байланысты балалардың да осы ауруға шалдығуы туралы да қамтылады. Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары жыныстық қатынас, вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда), анасынан нәрестеге жұғу арқылы болатыны мақалада айтылған. Бұл дерт өлімге әкелетіндіктен, емделуге тырысқанша, оның алдын алуы, адамның сау болуының бірден бір кепілі екендігі түсіндіріледі.

Негізгі ұғымдар: Инфекция көзі, вирус, жұғу жолдары, емдеу, профилактикасы, салауатты, әдепті өмір сүру

XX - ғасырдың обасы деп аталса, XXI ғасырдың обасы деп те әлі айта аламыз. ДДҰ мәліметі бойынша АИВ жұқтырғандардың саны 2000 жылдан кейін 40—50 миллионға жетуі ықтимал. ЖИТС-пен ең көп науқастанушылар АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінде (әсіресе Франция, Германия, Ұлыбритания, Италия), Орталық Африкада, Гаитиде тіркелген. Вирус ТМД мемлекеттерінде, Жапония, Шығыс Араб елдерінде кездесе бастады.

Әдетте ЖИТС-пен қала тұрғындары жиірек ауырады. Оған жөнсіз жыныстық қатынас, шектен тыс сексуальдық еркіндік, жезөкшелік, гомосексуализм т. б. жайлар себеп болады. Көпшілік жағдайда ЖИТС-тен сексуальдық белсенділігі басылмаған жастағы ерлер мен әйелдер зардап шегеді. Бала туу мүмкіндігі бар әйелдердің арасында ЖИТС тарала бастауына байланысты балалардың да осы ауруға шалдығуы жиілей түсті. Осыдан 3—4 жыл бұрын АИВ жұқтырғандардың 70—75%-ы еркектер болса, бүгінде есірткі қолданушылардың саны күрт көбейіп, олар көпшілік жағдайда ортақ шприц инелерін пайдаланатын болғандықтан, бұл науқасқа шалдыққан ерлер мен әйелдердің саны теңесті (50%-дан). Мұндай жағдай балаларға ЖИТС жұқтыру қаупін күшейтіп отыр.

Инфекция көзі. Вирус жұққан адам — вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады. Көз жасында, жұлын сұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болуы мүмкін.

Жұғу жолдары. Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай:

- жыныстық қатынас;
- вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда);
- анасынан нәрестеге жұғу арқылы.

Жыныстық жол негізгі жұғу жолы болып табылады. ЖИТС адамдарға 80% жағдайында осы жолмен, яғни гетеросексуальдық (еркек-әйел) және гомо-сексуальдық (еркек-еркек) жыныстық қатынас кезінде жұғады. Ең қауіптісі — гомосексуальдық анальдық қатынас, өйткені партнерлердің жыныс мүшелерінің терісі, шырышты қабатының жарақаттануы жиі болады. АҚШ-та ЖИТС-пен науқастанғандардың 70%-ына ауру осындай жолмен жұққан. Жұқтыру қаупі активті және пассивті гомосексуалистерде бірдей дәрежеде болады. Қатерлі топқа жезөкшелер де жатады. Партнерлердің жиі ауысуы да ЖИТС жұқтыру мүмкіндігін күшейтеді. ЖИТС-пен науқастанушылық бел алған елдерден келген азаматтармен жыныстық қатынаста болу әсіресе қауіпті. Жыныстық инфекциясы бар немесе бұрын ауырғандармен кездесу, етеккір кезінде жыныстық қатынаста болу, садистік әдеті бар партнермен жақындасу ЖИТС жұқтыру қаупін күшейте түседі.

ЖИТС-тің вирустың қанға бірден түсуі арқылы жұғуы қазіргі кезде ерекше аландаушылық туғызып отыр. Себебі тамырға наркотиктер енгізгенде ортақ инелі шприцті пайдаланатын нашақорлардың саны көбейіп келеді. Әрине, қолданатын инелерін олар тиісті өңдеуден өткізбейді. Егерде ЖИТС-пен науқастанған немесе вирус тасымалдаушы нашақорлар қауымына қосылса, вирус оның инедегі қанының қалдығымен сау адамның ағзасына түседі. Вирус аурулардың 20%-ына осындай жолмен жұғады.

Вирус адамға қан немесе қан құрамынан тұратын препараттар құйғанда да жұғуы мүмкін. Кейбір аурумен науқастанғанда, операция жасағанда, әйел босанғанда донор қанын құюға тура келеді. Егер донор ЖИТС-ке тексерілмеген болса, вирус жұқтыру қаупі өте жоғары. ЖИТС жұғу мүмкіндігі бар қатерлі топқа гемофилиямен ауырғандар да жатады. Өйткені қан ұюы өте нашар болғандықтан, қан кетуін тоқтату үшін оларға жиі-жиі қан құйып отырады. АҚШ-та, Еуропада гемофилиямен ауырғандардың 40—63%-на АИВ қан құю арқылы жұққаны анықталған. Бірақ 1985 жылдан бері жоғары дамыған елдерде, 1987 жылдан бастап ТМД елдерінде донор қанына қатаң бақылау жүргізіле бастады. Мұндай тәртіп ЖИТС, В гепатит және басқа жұқпалы аурулардың таралуына жол бермейді. Соған қарамастан Қазақстанда АИВ-тың 20%-ы емдеу-профилактикалық мекемелерде жұқтырылғаны тіркелген (ДДҰ мәліметі бойынша мұндай көрсеткіш 0,5%-ға тең). Экономикасы нашар дамыған елдерде ЖИТС-тің қан арқылы жұғу қаупі әлі де сақталып отыр.

ЖИТС вирусының үшінші жұғу жолы — анасынан нәрестеге жұғуы. Ауырған немесе АИВ жұққан әйелдерден туған балалардың 4/5-не вирус осындай жолмен жұққаны белгілі болды. Егер де анасы нашақор немесе жезөкше болса нәрестеге вирус жұғу қаупі бірнеше есе артады. Вирус нәрестеге қалыпты босану кезінде, баланы операция жасап алғанда және жүктілік кезінде жұғуы мүмкін. ЖИТС-тің нәрестеге науқас анасының емшек сүті арқылы жұғу оқиғалары да белгілі.

ЖИТС-ке байланысты мәселелер баспасөз беттерінде тұрақты түрде көтеріліп отырғанына карамастан, бұл проблемаға зор көңіл бөлу қажет.

АИВ инфекциясымен күресуде ДДҰ «Әдепсіздік нәтижесінде өзінді өлімге апарма!» деген ұранға сүйенеді.

Егерде сілекейден, көз жасы сұйығынан вирус табылса, оның жұғу мүмкіндігі қандай деген сауалға келсек, мұндай жолмен жұғу бүгінгі күнге дейін еш жерде кездескен емес.

Вирус қанмен жұғатын болғандықтан емделу қауіпті емес пе? Бұл сұраққа да теріс жауап беруге болады. Өйткені осы уақытқа дейін мұндай жолмен ЖИТС жұғу оқиғасы болған емес.

АИВ-тің шаңмен, ауалы-тамшылы, фекальды-оральды (ауыз қуысы арқылы) жолмен жұқпайтыны толық анықталған. Яғни адамдар сүйіскенде, сөйлескенде, түшкіргенде, жөтелгенде, қол алысқанда, ортақ дәретхананы, ваннаны, душты, бассейнді пайдаланғанда, сондай-ақ тағамдар мен ыдыстар арқылы ЖИТС вирусы жұқпайды. Сырт киімдерді алмастырып кигенде, тіпті бір төсекте жатып ұйықтаған кезде де ЖИТС вирусының жұғу қаупі жоқ.

Қан сорғыш және басқа жәндіктер (маса, бит, кене, бүрге, шыбын, тарақан, қандала т. б.) арқылы жұғу жолдары да анықталмаған.

Мысық, кой, жылқы, маймылдарда қоздырғышы АИВ-ке ұқсас иммундық тапшылық болатынына карамастан, үй және жабайы жануарлардан ЖИТС жұғу жайлары кездеспеген.

ЖИТС жұғудан қалай сақтанады?

Өртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі — вакцина егу. Алайда вакцина дайындау бағытында тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп жатса да, ондай профилактикалық препарат алу әзірше қолдан келмей отыр.

ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар:

- әлеуметтік, халықаралық, мемлекеттік шаралар;
- жеке басты қорғауға бағытталған шаралар.

Профилактиканың басты міндеті — ЖИТС тасымалдаушыларды анықтап, жұғу арнасын сенімді түрде жауып тастау. Осы мақсатта көптеген елдерде мынадай шаралар жүргізіліп жатыр: халықтың (тұрғындардың) кейбір топтарын сөзсіз және жоспарлы түрде лабораториялық тексеруден өткізу; донорлық, қанды, сперманы, органдарды тексеру; гемофилиямен ауыратындарды, нашақорларды, гомосексуалистерді, жезөкшелерді тексеру; ауырғандарды арнайы ауруханаға жатқызу және емдеу; сенім телефондарын ұйымдастыру; ЖИТС-пен ауырғандарға консультация және көмек беретін комиссия жұмысын ұйымдастыру; диагностикалық орталықтар, кабинеттер ашу т. б.

Тұрғындар арасында ЖИТС жөнінде санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізудің ерекше маңызы бар. Әркім аурудың қалай тарайтынын, одан қалай сақтану қажет екенін жетік білуі тиіс.

Англияда осы бағытта жүргізілетін жұмыстарға мемлекет жылына 20 млн фунт стерлинг қаржы жұмсайды.

Жалпы халықты, әсіресе балалар мен жастарды өнегелілікке, дұрыс жыныстық қатынас жасауға тәрбиелеу мәселесін жолға қоймайынша, ЖИТС-пен күресу мүмкін емес.

Жеке бас профилактикасы қарапайым әрі денсаулық үшін ұтымды. Оларға мыналар жатады:

- салауатты, әдепті өмір сүру;
- кездейсоқ жыныстық қатынастан және гомосексуалист, жезөкшелермен жақындасудан сақ болу (жыныстық партнер көп болған сайын ЖИТС жұқтыру қаупі арта түседі. Г. В. Сколубовичтің (1989) айтуы бойынша, «Жыныстық тәртіпсіздік, нашақорлық және жезөкшелік — ЖИТС вирусын жұқтыру кепілі»);
- стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;
- әсіресе терісі, шырышты қабаттары зақымданған жағдайда бөтен біреудің қанымен, бөлінділерімен жанасудан абай болу;
- презервативті дұрыс пайдалану (ол ЖИТС-тен қорғайды);
- қан құйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылданғанда олардың АИВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу (ол үшін қолданылған қанның сериялық нөмерін жазып алыңыз);
- маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару;
- ЖИТС вирусын жұқтырып алдым-ау деген күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну.

Кез-келген азамат АИВ-инфекциясының жұққан-жұқпағандығын анықтау үшін Алматыда, Астанада, еліміздің басқа да ірі қалалары мен облыс орталықтарында ашылған лабораторияларға барып тексерілуіне болады.

Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстарын ұйымдастыру.

ЖИТС — көп жағдайда өлімге соқтыратын аса қатерлі вирустық дерт. Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты — ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жоғарыда аталған ЖИТС орталықтары ұйымдастырушы, тәсілдеуші және емдеуші мекемелер ретінде жұмыс атқарады. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар.

Олардың жұмыс бағыттары мынадай:

1. Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» (группы риска) жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;
2. Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасында 5 жылдың ішінде (1987—1991) 4 млн 870 мың адам арнайы тексеруден өтті. Екіқабат әйелдерді тексеру және өз атын жарияламай тексерілу жұмыстары кең түрде жүргізілуде. Әрбір облыс орталығында осындай тексеру жүргізетін арнайы кабинет жабдықталған және одан бұл індет туралы жан-жақты ақыл-кеңес алуға болады.

«ЖИТС (СПИД) ауруының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңында (1994) ЖИТС ауруымен күресу күрделі, кешенді мәселе деп танылған. Оны шешуге Денсаулық министрлігімен қатар басқа да министрліктер (Қаржы, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Ішкі, Сыртқы істер т. б.) қатысады, олардың жұмысын ҚР Министрлер Кабинеті жанынан құрылған Үйлестіру кеңесі басқарады.

Қазақстан Республикасында тұратын не ұзақ мерзімге жұмыс атқаруға келген әрбір шет ел азаматы Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығын сақтау туралы» заңына сәйкес ЖИТС вирусының жұққан-жұқпағандығын анықтау үшін медициналық куәлендіруден (тексерістен) өтуі тиіс.

Жасөпірімдер арасындағы панасыздықты болдырмау, бақылаусыздықтың алдын алу мақсатында рейд ұйымдастырылды. Рейд барысында мектеп полициясы жасөспірімдер арасында панасыздықты болдырмау, бақылаусыздықтың алдын - алу жөнінде «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы». «Ішімдік пен шылым шегуге құштарлықтың жасөспірімдерге зиянды жақтары», Кәмелетке толмағандардың ата-анасының әкімгершілік жауаптылығы тақырыптарында мектепшілік бақылауға алынған балалар мен

олардың ата-анасымен байланыс жасап рейдтік жұмыстар атқарды. Мүшеқапты қолданып та , ауру жұқтыруға болады. Өмірдің соңына дейін жыныстық бір серіктеспен болу

ЖИТС-пен ауырған не вирусын тасымалдаушы шет ел азаматтары Республика аумағынан шығарылып жіберіледі, ал еліміздің азаматтары емделуге, кешендік тексерістерден өтуге міндетті. Оларды қызметтен, жұмыстан, бизнестен, заңға қайшы келмейтін іс-әрекеттің қай түрінен болмасын шеттетуге болмайды. Тек медицина, фармацевтика, тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлері (мысалы, шаштаразшы т. б.) жұмысын ауыстыруы қажет. Олар үшін ЖИТС-пен ауыру, вирус тасымалдаушы болу — кәсіби ауру болып табылады, сондықтан біраз жеңілдіктер жасау жайы қарастырылған. Мәселен, бір мерзімдік ақша төлеу тәрізді. Оның үстіне ЖИТС-пен сырқаттанушылармен, вирус тасымалдаушылармен тікелей жұмыс істейтін медицина және ғылыми қызметкерлер жұмыстының зияндылығы үшін қосымша, ақылы 24 күндік демалыс және негізгі жалақысының 60%-на дейін үстем ақы алуға құқылы.

ЖИТС вирусын тасымалдаушылар қан (басқа да органдар мен тканьдер) беретін донор бола алмайды. Әдейі және біле тұра басқа азаматтарға ЖИТС вирусын жұқтырушы, клиникалық, лабораториялық тексерілуден қашақтаушы, өз жұмысын салақ атқару нәтижесінде ЖИТС вирусымен сау адамдардың зарарлануына себепкер болушы, нақты кісінің ЖИТС-пен ауыратындығын не оның вирусын тасымалдаушы екендігін рұқсатсыз жариялаушы азаматтар мен мамандар заңға сәйкес жауапқа тартылады.

Қорыта айтқанда, әдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ-шарап ішіп, наша тартудан, кездейсоқ жыныстық жақындасудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-тен қорғай алады.

Есіңізде болсын: Сіздің денсаулығыңыз өзіңіздің қолыңызда!

Қолданылған әдебиеттер

1. Котова А. Л., Құдайбергенұлы Қ., Дерябина Л. В. СПИД – ғасыр індеті/ Алматы: Ғалым, 2000
2. Өмешұлы Ә. Салауатты өмір – ден саулық кепілі. Алматы: Білім – 1999
3. Оразақов Е. Денсаулық туралы кеңес. Алматы – 1981

Резюме

В этой статье рассматриваются проблемы распространения СПИД-а и ВИЧ-инфекции, а также пути и средства профилактики .

Summary

This article is devoted of the problems of prevention of HIV- AIDS

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу

Обучение и воспитание детей с ОВР

УДК 371.927

MODERN MEANS OF ORGANIZATION OF CORRECTIONAL-RHYTHMIC UPRAISING OF CHILDREN WITH SEN (special educational needs)

Irina Denissova, *Candidate of pedagogical sciences; Senior teacher of chair of Special pedagogics of Abay's National pedagogical university. Almaty, Republic of Kazakhstan*

irenadenisova@mail.ru

The article is dedicated to the problem of musical-rhythmic development for children with SEN. Purpose of the article is to call an impact for teacher's creative searches, occupied in correctional-rhythmical activity. Author pays attention to the use of international musical therapy experience. Also, author draws reader's attention to the fact that methodology should be used considering local features and musical-rhythmical abilities of SEN children in every particular region. Latin American children are considered the most musically and rhythmically gifted, since music, melodies and rhythms in that region pierce any life sphere of these people. From this comes that the earlier child's «immersion» into musical-rhythmical sphere happens, the more areas of life the methodic affects, the better are the results of the correctional job. Because it primarily bases on the auditory perception development and the auditory memory improvement for the logopat child. Today's role of international and interpersonal communication grows. Musical-rhythmical upbringing creates the compensation potential for the SEN child primary biological deviations. Promotes his social competence.

Keywords : musical-rhythmic development , children with SEN, genetic psychologists , social competence , correctional rhythmic

Problem, described in article name can be approached in three ways: first, what modern special psychology methods are taken as a source of rhythmic upraising system build. Second, what specific methods are used in a class conduct; third, how specific teacher and psychological environment is build for the lesson.[1]

Beginning with the first part. Musical education organization especially the very first its steps are to be taken serious, basing on analysis of the biggest modern psychological theories, specifically Jean Piageux, Anry Wallon, Lev Vygotski and his school concepts, as formation of children's abilities to percieve music depends on it. All these scientists are genetic psychologists, meaning they pose the hardest modern science problems of psychic development nature, its origins and powers that move it. One of the most important problems of today's age and pedagogic psychology is education and development relations. This means, that there's a question: is education able to lead development? If it is, then what form should it have, and what it's contents should be not only to create development's "closest zone" but also to open perspective of the further future?

«Activity approach», «Activity principle» created by A.N.Leontiev, should become first priority means of defining musical-rhythmical education program contents. This principle, even though being complicated and ambiguous, takes the lead, since helps psychologists tostop ascertaining and spectating and start creating most appropriate development environment, assist person creative potential growth. This specific SEN children activity and teacher's activity is a key moment in modern primary musical education system. The main fact even though, is that chidlren are taken not only as objects of teacher's influence. It's essential to also see subjects in children with intelligence and sensoric disturbances, having world explored with their actions, corresponding their own minimal but always unique experience, perceiving and living it, every time in a new way.

How to be concrete in considering these general psychological principles, mentioned before? Key fact, as we said before, is organization of children activity. Listening and perceiving should become an active process for the child himself. In order to do this, it's essential to determine specific ways of creating a program of rhythmic abilities development in SEN children, bringing up their own musicality. Singing, rhythmical moves to music, their own accompanement with the simplest instruments, ability to listen - all these should be considered as essential kinds of activity on correctional-rhythmic classes. This also includes roundelays and rhythmical drawing, connected with the music that sounds and the one child listens to. Building a little band with simplest instruments (rings, castanets, tritons, tambourines and drums) may become a peak of all these musical activities - children co-operate in accompanying playing melody or play their own melody or improvise simultaneously . Such activity makes children happy. Only in this kind of positive atmosphere creates a situation most suitable for intelligence and creative abilities development.

Thus «active listening» method is simple and natural, since it teaches child via childish activity, starting with simple things becoming complicated steps by steps, considering what we have already achieved. But by this so-

called simple method comes the understanding of mechanisms of assuming the information. Teacher should always consider what does child already know. It's very important not only to link music to moves, but also to words. Development of phonetic and into national parts of mother tongue and musical impressions development should be united into one, directed to children's exploration of outer world, its different properties and sides. That's why correctional rhythmic programs in special schools should include «speech rhythmic» used to plan word job, forms and methods of spell and intonational development.

Now let's pay attention to singing, which is taken as a key component to musical-rhythmical development. This kind of activity is essential for working with SEN children, as on it depends on children's success in musical development. Let us try to see something bigger with help of a specific example - teacher's ability to control the process of disorder compensation and child's social rehabilitation. In USSR A.N.Leontiev and his staff has carried out an experiment that showed direct dependence between human sound-pitch sensibility and his social communication awareness. The key moment is that behind sound perception more or less stands speech apparatus activity, performing «seeking process» of a kind. Same situation is typical for visual analyzer - human eye inspects visible items, studying it, builds its image. No matter how strange it sounds, same mechanism is used in forming social-perceptive skills. For example, in the first minutes of hearing how new person's voice sounds, we create his character, having an impression of his personality. On the grounds of own abilities and perks percipient subject «plays» percipient signs of an opponent - his voice, gestures, spell, gait, mimics, general behaviour and so on, building an image of a person he sees for the first time.

Specific person-to-person relations begin in case of human's human perception. It involves emotional, logical and other experiences both opponents have had. As a result everyone have an impression of opponent's character. In this case teacher has a specific didactic task not to miss the most sensitive period in children development, when the most active ability building is happening. On the grounds of specific psychological researches and innovative correctional-pedagogical experience we can say that teaching child to intonate (enhancing own imitational abilities by reflecting sounds heard and singing them) is essential. It's known that the more imitating ability is developed the higher child's ability to start the education in all areas. «The peak age» of a SEN child imitational mechanism development is 7-8 years.

So, back to the singing activity. What can we specifically offer in order to develop children perception to the music heard? We can give specific advise on the «procedure» pitch hearing development: teach children sing quietly at start, tuning own singing with the help of singing adult's voice. Then, teach children to intonate or reproduce the melody with own voice even before he knows song lyrics. It is particularly important to teach children not only sing or join the song, but also compare teacher's singing to the musical instrument sounds and to compare own singing to the other children singing and so on. By mastering specific exercises that build special system, the child learns to control own voice, achieve the sound needed. The teacher also has to consider age and character features of the children of the category, minding physiological (vocal cords state, intellectual development state) and mental tendencies. This means that classes should be fun and be considered games. The selected songs quality and their musical and poetic values should be the highest grade.

It is also important that the instruments are highest quality, not average nor bad. Castanets should be made of wood, tambourines and timbrels are to be leather-made, and cymbals have to be made of bronze. It's necessary to do everything possible in order to provide the good musical taste development.

Отантану (тарихи) білімдердің құрылымына тарихи материалмен жұмыс жасау тәсілі де кіреді. Зияты зақымдалған оқушылар тарихи фактілерді оқиды, мазмұндайды, ертеде алынған білімдерін қолдануды үйренеді. Алған білімдері мен әрекет тәсілдерінің негізінде оқушылар белгілі бір білік, дағдыларын меңгереді және олардың таным әрекетінің деңгейі артады. Тарихи білімдердің құрылымын, функциясын, рөлін білу мұғалім үшін оқытудың мақсатын тиімді іске асыруға, оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуға оң әсерін береді. Тарихи білімдердің мазмұндық жағы әр түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз: экономикалық-әлеуметтік өмірдің оқиғалар мен құбылыстары; саяси құбылыстар мен процестер; мәдениет жетістігі.

Отантану (тарихи) материалдарын оқыту барысында бірнеше шарттарды сақтау қажет. Өмірді және адамдардың іс-әрекетін оқыту хронологиялық кезектілікпен бір мезгілде қоғамдық ілгерілеушілікпен жүргізілуі қажет. Оқиға үнемі орнына және уақытына сай болуы тиіс. Оқушыларға үнемі қоғамдағы өзгерістер өздігінен емес, көптеген адамдардың әрекеттерінің нәтижесі екендігін, олардың ішінде тарихи тұлғалар маңызды роль атқаратындығын үйретіп отыруы қажет.

Тарихи білімдерді түсіну және меңгеру бір-бірімен байланысты процестер. Оқып үйренген деректердің негізінде оқушы санасында белгілі бір тарихи ұғымдар жүйесінің нақты түсінігі қалыптасады. К.Д.Ушинский оқушыларды алаңдату емес, нақты бейнелікке, көрнекілікке негізделген түсінік қалыптастыруды ұсынады. оқушының санасында дұрыс, толық түсінік қалыптастыру үшін бейне картинаны көрсетіп, оны ауызша түсіндіру жеткіліксіз. Оған қоса ол ұғымды нақтылап, бекітуге көмектесетін әдістерді қолдану керек. Ондай әдістердің қатарында бейнелеу, суретін салу немесе нысанды кескіндемелік тұрғыдан қайта жаңғыртуды атауға болады.

Өтілген материалды түсіну деңгейі меңгерілген білімнің беріктігіне негіз болады. Зияты зақымдалған балалардың оқу материалын түсіну мінездемесінің толық әрі жүйелі нұсқасын В.Я. Василевская ұсынады.

Зияты зақымдалған оқушылар сабақта алатын тарихи құбылыстар мен оқиғалар осы күннен жылдарға, онжылдықтарға, ғасырларға бөлінеді, сондықтан арнайы мектеп оқушылары қиындықпен меңгеріп, абстрактілі түрде қабыдауы жиі болады.

Зияты зақымдалған оқушылардың ең негізгі таным әрекетінің жетіспеушілігі көңіл бөлу мен жалпылау сияқты процестердің бұзылысы тарихи материалды қабылдауда бірінші деңгейлік болып табылады, сондықтан біздің оқушылардың тарихи материалды меңгеру қиыншылықтарын түсінуге болады.

Зияты зақымдалған оқушылардың бағдарламаға сай тарихи білімдерді ең кем дегенде аз мөлшерде қабылдауына көмектесу үшін, мұғалім өз іс-әрекетін, мақсатты түрде ұйымдастыруы керек. Бұл үшін арнайы мектеп оқушыларының тарихи білімді меңгеру ерекшеліктерін анық білу қажет.

Зияты зақымдалған балалардың ерекшелігінің бірі олардың әлемді тануға деген сезімдік бейімділігін зерттеген ғалымдар (В.Г. Петрова, И. М. Соловьева, Ж.И.Шиф және т.б. жұмыстарынан). Арнайы (түзету) мектеп оқушыларының сенсорлы әрекет мүмкіндіктері олардың интеллектуалды іс-әрекеттерінің дамуына қарағанда кеңірек. Бұл тарихты оқытуда да аса маңызды. Зияты зақымдалған оқушыларды күрделі қоғамдық әлемге деген көз қарасын мұғалім бала бойында керекті сезімдерді (көру, есту) оята білуі қажет. Осы сезімдердің күші мен өткірлігіне байланысты жаңа тарихи білімдерді қабылдаудың деңгейі анықталады. Арнайы мектеп оқушыларының қабылдау ерекшеліктерін еске ала отырып оқытушы берілетін тарихи білімнің

нақты және экономикалық сипатын беру керек. Арнайы (түзету) мектеп оқушылары тарихи оқиғалардың арасында бір-бірімен байланыс қоя алмайды, нәтижесінде олар оқиғалар мен құбылыстардың тек сыртқы белгілеріне қарап қана сипаттама береді. Сол себептен балаға оқиға мен құбылыстың мазмұнын түсіндіруміз керек. Оқиға дегеніміз жалғыз-жарым дерек. Оған Аңырақай шайқасы, Кенесары көтерілісін жатқызуға болады. Бұл оқиғалар нақты жағдайда нақты адамдардың қатысуымен белгілі бір уақыт пен кеңістіктің шегінде болған. Осындай жекелеген қайталанбайтын оқиғаларды оқып үйрену оқушылардың тұрпатты құбылыстарды түсінуіне көмектеседі. Құбылыс деп нақты дерекке қатыссыз, орны, қатысушылары уақыты көрсе-тілмеген жалпы ұғымдарды (революция, көтеріліс) айтамыз. Бұл жағдайда революция – қоғамдық дамудың сапалық өзгерісі, ал көтеріліс - бұқараның қарулы бас көтеруі. Тарихи құбылыстар белгілі бір тарихи кезеңнің немесе дәуірге тән сипатты белгілерін танытады. Арнайы мектеп оқушыларында кездесетін тарихты оқыту барысында елестердің араласуы, өйткені уақыт кеңістігінде оқиғалар мен құбылыстарды елестетудің араласып кетуі.

Зияты зақымдалған оқушылар әр сабақта оқиғаның орнын, уақытын, адамдардың сыртқы келбетін, тұрмыстық заттарын, құрал-сайманын анық елестете алуы қажет. Сондықтан тарих сабақтарында мәлімет беруші әңгімеге сюжеттік бағалар енгізуі тиіс, тарихи тұлғаларға жарқын мінездемелер берілуі керек, әртүрлі көрнекіліктер көз тартуы қажет. Осыған орай, мұғалімге ең бірінші әңгіме, сұхбат, суреттер желісінің жоспарын нақты, дұрыс құруы қажет.

Екіншіден, жаңа білімді бекіту барысында оқушылар оқиғаны тек көрнекі құралдарға, жоспарларға сүйене отырып мазмұндайды, бұл жоспарды мұғалім немесе оқушылар ұжымдасып құруы керек.

Үшіншіден, оқушылар өз жауаптарында бұрын өтілген материалдағы, қазір өтілген материалдардағы сандарды қолданылуына қол жеткізуіміз керек. Ойлаудың ерекшелік күшіне, зияты зақымдалған және сөйлеу тілінің әлсіз бағдарланған оқушылардың ойлау нақтылығының күшіне қарай олардың түсінуі қиын және жалпылаудың кез-келген деңгейінде түсініп, меңгеруі өз жағдайында алған тарихи білімдерін ойлап, түсінуге кері әсерін тигізеді. Зияты зақымдалған оқушыларды үнемі өзінің жіберген қателерін түзетуге үйретіп отыруы керек, ол үшін дұрыс жауап беруге итермелейтін сұрақтар мен тапсырмалар дайындау қажет.

Тарихи білімдердің мәнін түсіну оқушыларға ақыл-ой әрекеттерінің әр түрін ұсынғанда нәтижелі болатынын есте үнемі сақтау керек. Мысалы: оқиғалар мен құбылысты салыстыру, оқиға желісін табу.

Тарих білімдердің мәнін түсіну үшін оқушыларға пратикалық тапсырмаларды көптеп ұсынуы қажет.

Қазақ халқы «Отан» деген ұғымды бала бойына ерте бастан сіңіруге тырысқан. Мұны ең алдымен туған жер, атамекен, ел, жұрт деген ұғымдармен барынша кеңінен байланыстырған. Сондықтан да болар, соншама кең далада өмір сүрсе де, ата-бабаларымыз үшін «Атамекен, туған жер» ұғымы - әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу-қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Петрова Л.В. Методика преподавания истории в специальной (коррекционной) школе VIII вида: Учеб. Пособие для студ. Высш.учеб.заведений. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2003 г.
2. Құдайбергенқызы Қ., Құнапияқызы Қ. Отантану (Көмекші мектептің 7 сыныбына арналған оқулық). – Алматы: Балауса,
3. Опыт преподавания истории вспомогательной школе / Под ред. М.И. Кузьмицкой. М., 1964.
4. Лапшин В.А. Урок истории во вспомогательной школе // Коррекционно-развивающая работа в процессе обучения и воспитания детей с нарушениями интеллекта: Сб. // Под ред. В.П.Пузанова. М., 1993.
5. Шаймерденова К.Ш. Қазіргі сабақ және өзекті мәселелері. А., 1990

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности овладения знаниями детьми с нарушением интеллекта в рамках предмета «Родиноведения» (История)

Summary

Feature captures by knowledge motherland lesson of pupils with intellectual violation.

УДК 37.017.4:37.018

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЖЕТТІЛІК.

М.М.Рахимова

*Старший преподаватель кафедры специальной педагогики
Казахский Национальный педагогический университет им.Абая. Алматы.*

Maiya07.84@mail.ru

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің жеке тұлғалық мәселелері және оларға білім беру тәрбиелеу үдерісі, сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, тек арнайы педагогикада ғана емес жалпы педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және тағы басқа ғылымдардың ғылыми білім саласында көкейтесті болып табылады. Балалар үйінде тәрбиеленуші баланың жеке тұлғасының әлеуметтік қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар. Мақалада балалар үйінде тәрбиеленушілердің мәселелері туралы кейінгі жылдардағы әдебиеттердегі таралуына талдау жүргізілген. Соған сай балалардың жеке тұлғасының қалыптасуындағы көп қиындықтар эмоциялық-еріктік салада: әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуынан, өзіне деген сенімсіздіктен, өзін-өзі ұйымдастыра алу мен мақсатқа ұмтылушылықтың төмендеуінен, дербестіктің жеткіліксіз дамуынан, өзін-өзі барабар бағаламауынан, айналасындағылармен қалыпты өзара қарым-қатынастар жасауға қабілетсіздіктен, ынтымақтасу үрдісінің мүлдем жоқтығынан екені белгіленеді. Осы тектес бұзылушылықтар көбінде аса алаңдаушылықтан, эмоциялық ширығудан, психикалық қажудан, эмоциялық торығудан, әр текті кедергілерге аса сезімталдықтан, қиындықтарды женуге дайын еместіктен, жетістіктер мен табысты қажетсіздіктің төмендеуінен, сенімсіздіктен, қызбалықтан, ұстамсыздықтан, шамадан тыс импульстік белсенділіктен, эмоциялық салқындықтан, өзін өзі күштеуден, айналасындағылармен эмоциялық қарым-қатынастардың бұзылуынан, енжарлықтан, торығудан және т.б. байқалады. Жеке тұлғаның бойында осындай қиындықтарының болуы рухани-құндылықты тәрбие беру бағытының қажеттілігін тудырады.

Түйін сөздер: Балалар үйінде тәрбиеленуші бала, рухани құндылық, эмоциялық-еріктік сала, адамгершілік қадір-қасиеттер, құндылық табиғаты, адам мен қоғам, субъектілік құндылықтар.

Кейінгі жылдары әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты және әр-түрлі себептер тұрғысынан балалар үйінде тәрбиеленушілердің саны артуда. Осыған байланысты балалар үйінде тәрбиеленушілердің мәселесі және оларға білім беру тәрбиелеу үдерісі, сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, тек арнайы педагогикада ғана емес жалпы педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және тағы басқа ғылымдардың ғылыми білім саласында көкейтесті болып отыр. Бұл жағдайда аталмыш балалар тобы психологтар мен педагогтар, дәрігерлердің зерттеу нысанына айналуға.

Балалар үйінде тәрбиеленуші баланың жеке тұлғасының әлеуметтік қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар. Оның іс-әрекеті толығымен тәртіпке салынып қадағаланылады, бұл бала дамуында артта қалушылықты, масылдықты, жеке басын еркін ұйымдастырудың төменгі деңгейін туындатады.

Сонымен қатар, әлеуметтендіруге байланысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтендіру деңгейлері мен факторлары және «әлеуметтендіру», «бейімдеу» ұғымдары бөліп

карастырылады. Балалар үйінде тәрбиеленетін балаларды әлеуметтендіру мәселесін шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық, практикалық тұрғыда сипаттау қазіргі педагогика іліміндегі мұндай өзекті мәселені шешуге себеп болады.

Айталық, балалар үйінде тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін және олардың педагогикалық-психологиялық даму өзгешеліктерін Е.М.Рыбиновский Д.Янхольц, И.В.Дубровина, А.Г.Рузская, Дж.Боулби, И.М.Бгажнова, С.А.Беличева, Ю.В.Василькова және т.б. ғалымдар қарастырды. [3].

Қоғамның дамуы әрбір тұлғаның бойындағы ізгі қасиеттерінің сапасына, әлеуметтенуі мен оның жалпы адамзаттық құндылықтарды игеру және қоғам игілігі үшін пайдалану қабілетіне байланысты болады.

Сондықтан, жас ұрпақты қоғамға әлеуметтендіру барысында олардың бойына ізгі қасиеттерді рухани құндылықтарын сіндіре отырып қоғамның шынайы иесі болуға талаптандыру қажет. Балалар үйінде оларды әлеуметтендіру және тәрбиелеуде оның ең тиімді жолдарын, құралдары мен тәсілдерін саралауға ең алдымен ұстаздар мен тәрбиешілердің әрбір жас жеткіншек ұрпақтың жас мөлшерін, мінез-құлқын, тұлғалық қалыптасатын кезеңдерінің психологиялық ерекшеліктерін үнемі ескеріп, зерттеп отыруы әрбір ұстаздың, тәрбиешінің кәсіби міндеттеріне айналуы тиіс.

Соңғы жылдардағы көптеген әлеуметтік зерттеулер балалар үйіне орналасқан балалар мен бітірушілердің әлеуметтік бейімделуінің күрделі мәселелері барын көрсетті. Бұл мәселелерді шешу бүгінгі таңдағы кезек күттірмес міндеттердің бірі. Ал оны шешуді педагог-психолог маманының мектептегі жетім балалардың рухани құндылықтарын қалыптастыру жұмысын қамтамасыз ету бірден бір үлесін қоса алады деп есептелінеді.

Көптеген зерттеушілердің балалар үйінде тәрбиеленушілердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттей келе, балалардың жеке тұлғасының қалыптасуындағы көп қиындықтар эмоциялық-еріктік салада: әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуынан, өзіне деген сенімсіздіктен, өзін-өзі ұйымдаструшылық пен мақсатқа ұмтылушылықтың төмендеуінен, дербестіктің жеткіліксіз дамуынан, өзін өзі барабар емес бағалауынан, айналасындағылармен қалыпты өзара қарым-қатынастар жасауға қабілетсіздіктен, ынтымақтасу үрдісінің мүлдем жоқтығынан көрініс табатынын атап көрсетеді. Осы тектес бұзылушылықтар көбінде аса аландаушылықтан, эмоциялық ширығудан, психикалық қажудан, эмоциялық торығудан, әр текті кедергілерге аса сезімталдықтан, қиындықтарды жеңуге дайын еместіктен, жетістіктер мен табысты қажетсінудің төмендеуінен, сенімсіздіктен, қызбалықтан, ұстамсыздықтан, шамадан тыс импульстік белсенділіктен, эмоциялық салқындықтан, өзін өзі күштеуден, айналасындағылармен эмоциялық қарым-қатынастардың бұзылуынан, енжарлықтан, торығудан және т.б. байқалады [2].

Сондықтан балалар үйінде тәрбиеленушілердің отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани құндылықтар арқылы қалыптастыру- үлкен қажеттілік екендігі ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауында жан-жақты негізделген. [1,23].

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру «тұжырымдамасында» жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндеті ерекше аталуы біз көтерген мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын, тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.

Оның үстіне қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеулердің адамгершілік пен руханилық мәселерімен тікелей байланысты қарастырылып, осы кезге дейін күн тәртібінен түспеуі біздің тақырыбымыздың өзектілігін онан сайын арттыра түседі. Өйткені, оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру мәселері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған.

Құндылықтар және олардың қоғам мен адам өміріндегі рөліне тоқталып өтетін болсақ, құндылықтардың табиғаты және олардың қоғамдық өмірдегі рөлі туралы мәселе адам мен қоғам, мәдениет пен өркениет, табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастар және басқа проблемелер мен тікелей байланысты. «Құндылық» философиялық және социологиялық әдебиетте белгілі бір болмыс құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мағынасын көрсету үшін кең түрде қолданылатын термин. Тиісті құбылыстарды бағалау әрекетін (процедурасын) іске асырудың тәсілдері мен белгілері (критерийлері) қоғамдық сана мен мәдениетке адамның қызметінің нысаналарын көрсететін «субъектілік құндылықтар» (нұсқаулар және бағалар, бұйрықтар (императивтер) және тиым салулар, мақсаттар және жобалар) ретінде байқалады. Сөйтіп, «заттық» және «субъектілік» құндылықтар, қалай болғанда да, адамның дүниемен құндылық тұрғысынан

карым – қатынасының екі жағы (полюсі) сияктанып көрінеді. Адамзаттың бай прогрессивті мұраларын, құндылықтарын игерген жеке адам да, бірлестіктер де көздеген мақсаттарына табысты жетері сөзсіз. Құндылықтарға негізделген іс бағыты үнемі оңға баспақ.

Индивидтің (жеке адамның, кісінің) өмір тәжірибесімен баянды етілген құндылықтардың бағыттары жеке тұлғаның ішкі дүниесінің құрамды бөліктеріне (элементтеріне) айналып, оның әсерленушілігінің бүкіл жиынтығы болары хақ. Әрбір адам үшін олар мәнді мен мағыналыны, мәнсіз бен мағынасызды ажырата білуге көмектеседі.

Құндылық нысаналарының дамуы жеке тұлғаның дамуының белгісі, ол оның әлеуметтік өлшемінің көрсеткіші. Бұл – индивидтің санасы мен сана сезімінің арасындағы байланыстың тууына ықпал ететін, сыртқы және ішкі дүниені қабылдаушы призмасы, өмірдің мәні туралы мәселені шешу үшін психологиялық негіз.

Құндылықтық нысаналардың тұрақты және қайшылықсыз қосындысы жеке тұлғаның бойында мінездің бір қалыптылығы, сенімділік, белгілі бір принциптер мен мұраттарға (идеяларға) берілгендік, сол мұраттармен құндылықтар үшін жігерлік күш жұмсауға қабілет, өмір позитивісінің беленділігі, мақсатқа жетудегі қажырлылық сияқты сапаларды қалыптастыруға жағдай туғызады.

Құндылық нысаналары білім беру орындарында (мектепте) білім алу барысында өзінен - өзі қалыптасады деп есептеуге болмайды. Құндылық бағыттарының қалыптасуы тиісті сана - сезімді тәрбиелеп, адамның эмоциялық өрісін дамытқан кезде ғана іске аспақ. Құндылықтар проблемасын зерттейтін ілім аксиология (axia – құндылық және logos – ілім, сөз) деп аталады. Ол – құндылықтар теориясы болып табылады. [4].

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан рухани құндылықтары бізге сол мәдениет, эстетикалық-этикалық талғамдарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрлері, әдеби мұрасы арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің ұлттық тамырын әдет-ғұрпынан, мәдениетінен көре алады. Өз Отанына деген сүйіспеншілігі, туған жеріне, халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып ұштасып біте қайнасып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, патриоттық сезімге еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Міне, осының бәрі-рухани құндылықтарға жатады. Оның қайнар көзі, бастамасы әрине отбасы. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазақ халқында білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл ой тәрбиесі деп есептелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, рухын асқақ ету, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін отансүйгіштік, ар-ұят, намыс, әділдік, адамгершілік пен имандылық сияқты түсініктер отбасында бала санасына берілетін еді.

Рухани-құндылықты тәрбие адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның ішкі дүниесінде қалыптасатын ішкі еркінің сезімі. Осы негіздерге сүйене отырып, рухани-құндылықтар – тұлғаның бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту деуге болады.

Қорыта келе, біздің мемлекетіміздің болашағы, еліміздің ертеңі – қазіргі Қазақстан жастары болып табылады. Осы жастардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана ұлттық рухы дамыған Отанының гүлдеуіне өз үлесін қоса алатын жастарды өсіре алатындығымызды айтады. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің рухани-құндылық тәрбиесіне жауап беретін негізгі тұлға – педагог психолог, дефектолог, әлеуметті педагог болғандықтан, білім беру орындарында рухани-құндылықты тәрбие беру үрдісі кең көлемде жүргізілуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Астана, 1998. – 128 б.
2. Евдокимов Ю.А. Коррекционно-развивающие функции работы по социальной адаптации воспитанников детских домов. – СПб., 1999. – С. 1-40.
3. Трудности социализации детей-сирот. // Изденіс. – Алматы, 2008. - №1. - 314-317 бб.
4. Қазақстандағы жетім балаларды қамқорлыққа алу мәселелері: тарихы мен болжамы. // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2008. - №4. - 21-25 бб.

Summary

The problem of education of spiritual values in children living in orphanages.

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования духовных ценностей у детей, воспитывающихся в детских домах.

УДК 376-056.264-053.4

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫ САУАТТЫЛЫҚҚА ҮЙРЕТУ КЕЗІНДЕ ЕСКЕРІЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

*Г.Б.Ибатова – аға оқытушы, п.ғ.м., Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы;
ibatova_g@mail.ru*

*Ерманова Г.- дефектология мамандығының 4 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ;
Алматы; kafedraspkaznpu@mail.ru*

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды сауаттылыққа үйретуді сауатты оқу мен сауатты жазудың бастапқы дағдыларын беру құралы ретінде ғана емес, дұрыс сөйлеу қабілетін құру құралы ретінде де қарау қажет.

Сауаттылықты игеру барысында ең алдымен сөздің дыбыстық әріптері оқылады. Сөздің дыбыстық құрамын қадағалау, ұқсас және әртүрлі белгілерді салыстыру, талдау мен жинақтау бойынша логикалық жаттығулар жасау балаларда сөздік дыбыстық құрамы туралы анық және нақты түсініктің пайда болуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде дұрыс айтылуын нығайтады, түйсігімен оқуға және жазуға дағдыландырады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды сауаттылыққа үйрету кезінде мақалада берілген бірқатар жағдайларды ескеру қажет.

Түйін сөздер: жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, пропедевтикалық жаттығулар, дыбыстық талдау мен жинақтау.

Мектеп жасына дейінгі балаларды сауаттылыққа оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жүргізетін педагогтар Фаусек Ю. И, Тихеева Е. И., Блехер Ф. Н. балаларды сауаттылыққа оқытуды мектепке барар алдында бастау керек деп ойлаған.

Воскресенская А.И. мектеп жасына дейінгі балаларды сауаттылыққа оқыту жүйесіне 2 тәсіл қарастырды. 1-ші - әліппедегі барлық материалдар бойынша балаларды балабақшада оқуға және жазуға үйрету; 2-ші мектеп жасына дейінгі балаларды 11 үйретілген әріппен сауаттылыққа оқыту.

Журова Л. Е. "Обучение грамоте в детском саду" еңбегі Гальперин П. Я., Запорожец А. В., Элькониннің Д. Б. дайындаған зерттеулеріне сүйене отырып, сауаттылыққа оқытудың теориялық негізін қалаған. Ол ақыл ойы кем мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге арналған болатын. Ұсынылған сауаттылыққа оқыту курсы балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін ескереді.

Ушинский К.Д. балаларды сауат ашуға оқыту үшін дыбыстың, жазу-оқудың аналитикалық-синтетикалық әдісін ұсынды, бұл әдіс революцияға дейінгі жүйесінде кеңінен қолданып, өзін ақтады. Бүгінгі мектеп тәжірибесінде де кеңінен қолданылып келеді. Оқытудың үрдісінде әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданудың қажеттігін талап ете отырып, Ушинский олардың ішіндегі негізгілерді түсіндіріп оқыту, мұғалімнің әңгімесі, әңгіме, жаттығулардың әртүрлі түрлері (ауызша, графикалық, жазбаша) деп есептеді. Ушинский қайталауға ерекше мән берді. Оның пікірінше, біржүйелі өткізілген қайталауларсыз шәкірттерді қажетті білім көлемі берік меңгеруді қамтамасыз ету мүмкін емес. Ол салыстыру сияқты педагогикалық тәсілді өте

жоғары бағалады. Осы тәсілдің көмегімен Ушинский шәкірттердің оқылатын заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттерін анық та және дәл қол жеткізуін айтқысы келді.

Рамзаева Т.Г. сөйлеу тілінің және ойлау қабілетінің әр түрінде сауаттылыққа оқытуды қарастырады. Оған: әңгімелесу, түсінік айту, бақылау, ертегі айту, жұмбақ шешу, дыбыстық қоюлар, кинофильмдер, декламация, телебағдарламалар жатады. Бұл жұмыс түрлері оқуға және жазуға бағытталған кезеңдерде сөйлеу тілінің пайда болуымен сәйкес келеді. Білім көп қайталаусыз қалыптаспайды. Сауаттылыққа үйрену үшін де көп оқып, көп жазу керек. Оқуға да жазуға жаңа мәтіндер беріліп отырады. Мектепте оқу қарапайым оқу мен жазудан басталады. Мектепте балаларды оқуға және жазуға «Әліппеден» үйрету 3—3,5 ай жүргізілуі тиіс. Әрі қарай олардың оқуы мен жазуы нығая түседі. Сауаттылыққа оқытудың жоғары дәрежеде көрінуі олардың бастапқы оқытылуына байланысты болады.

Ю.Ф.Монтессоридің жүйесі бойынша сауаттылыққа оқыту және сөйлеу тілін дамыту. Монтессоридің жазуға үйрену, сосын оқуға үйрену әдісі балаларға тек оңай жазуға және оқуға ғана емес, ол жақсы жазу мен оқуды үйретеді. Оған алдын ала дайындалған жаттығулар мен бекітуге арналған әріптер және сурет салу жатады. Сөздерді құрастыру кіші және үлкен жастағы балаларға бірдей ләззат береді. Бұл жаттығулар балаларға жұмысқа дайындалуға мүмкіншілік береді, мақсаттарына жетуге жол ашады. Балалар өздері дайындалу керек деген ойға келеді. «Қателікпен және әлі дайын емес затты батыл қолданар кезде бала өзінің жіберген қателіктеріне сезімталдықпен қарайды», — дейді Монтессори. «Менің жазудағы әдісім, — дейді ол, — педагогикалық: ол бала қателіктердің алдын алатын қайырымды ойларға тұйықталады». Монтессоридің жазумен оқуды үйретуге арналған әдісі тек балабақшада ғана емес жалпы мектептің бірінші сатыларында да қолдануға болады. Бұл әдіс қолданылған мектептерде жақсы нәтиже берді.

«Бұл қарым қатынаста барлық балалар бірдей емес, олардың көңілі қаламаған нәрсені жасатпаймыз. Бірақ оқуды, үйренуді қаламаған баланы жайына қалдырсаң жаза да алмайды, оқи да алмайды», — дейді Монтессори.

Каше Г.А. альтернативті әдіспен сауаттылыққа оқыту мектепке дейінгі оқыту мекемелерінде логопедтер бұрыннан тәжірибе жүзінде қолданып келеді. Бұл әдісті талдау барысында түзетіп оқыту дидактикалық тәсілдерге сүйене отырып жүзеге асырылады. Ойлау қабілетін белсенді бақылап отыру да оқудың негізіне енгізілді. Балалардың тілге деген қызылушылығы оянады.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы - сөйлеудің фонетикалық, фонематикалық және лексикалық-грамматикалық жақтарының кемістіктерін белгілеп, барлық компоненттердің жүйелі бұзылуын атайды.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды сауаттылыққа үйретуді сауатты оқу мен сауатты жазудың бастапқы дағдыларын беру құралы ретінде ғана емес, дұрыс сөйлеу қабілетін құру құралы ретінде де қарау қажет.

Сауаттылықты игеру барысында ең алдымен сөздің дыбыстық әріптері оқылады. Сөздік дыбыстық құрамын қадағалау, ұқсас және әртүрлі белгілерді салыстыру, талдау мен жинақтау бойынша логикалық жаттығулар жасау балаларда сөздік дыбыстық құрамы туралы анық және нақты түсініктің пайда болуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде дұрыс айтылуын нығайтады, түйсігімен оқуға және жазуға дағдыландырады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды сауаттылыққа үйрету кезінде төмендегідей бірқатар жағдайларды ескерген дұрыс:

1. Оқу мен жазуға үйрету дұрыс айтылатын дыбыстар мен сөздер бойынша жүргізіледі. Дұрыс айтуға сүйену сөздегі дыбыстарды ажырату мен бөлудегі және оларды тиісті әріптермен байланыстырудағы қиындықтарды болдырмау және осылардан келіп – ерекше дисграфиялық қателерді жою үшін қажет.

Әр дыбыс алдымен дыбыстап айту сабағында оқылады, оларды дұрыс айтпа және ажыратуға үйренгеннен кейін барып, оқу және жазу сабақтарында тиісті әріпті өтеді. Бұл жағдайда сауаттылыққа оқыту дыбыстап айтуға оқытудың тікелей жалғасы ретінде құралады, алайда көбіне дыбыстарды айтуға үйрету оларды сауаттылыққа үйрету сабақтарынан бірза бұрын басталады. Мысалы, кей жағдайларда үнді немесе ұяң дыбыссыздарды айтуға үйретуден, осы дыбыстарды тиісті әріптермен байланыстыруға дейін бір жылдан аса уақыт кетеді.

Дыбыстап айтуға үйрену барысында бала сөздер мен фразалардағы дыбыстады дұрыс айтуды үйреніп қана қоймай, оны басқа дыбыстардан ажыратып, сөзден дұрыс бөле алуға үйренеді. Әсіресе бір бірінен жіңішке акустикалық-артикуляциялық белгілермен ерекшеленетін

дыбыстарды ажыратуға ерекше көңіл бөлінеді. Балалар мұндай дыбыстарды дұрыс айтын және ажыратып үйренбейінше, дыбыс пен әріп арасындағы сенімді әрі нық байланысты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Осыған қарамастан, сауаттылыққа үйрету процесін барлық дыбыстарды дұрыс айтып үйренгенге дейін созбаған дұрыс. Дұрыс айту қабілетін дамытудың белгілі бір деңгейінде балаларда сауаттылыққа үйренуге деген дайындық пайда болады.

2. Жалпымектептерге қарағанда сауаттылық сабағында дыбыстар мен әріптерді өтудің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол дыбыстың естілу айырмашылығы мен оны дыбыстап айтуды үйрену қолжетімділігіне тәуелді болады.

Ең алдымен негізінен балалар дұрыс айта алатын әріптер оқытылады. Ол мына дыбыстар мен сол дыбыстардың таңбалары: *a, y, o, m, x, n, k, h, v, ы, t, l*. Кейде балалар кемшілікпен айтатын *p, c, ш*, сияқты әріптер ерекшелену болуы мүмкін. Алайда олардыәріппен байланыстыру сәтінде дұрыс айтуға үйренген және дағдыланған болуы керек.

Одан кейін біртіндеп дұрыс айтылмайтын дыбыстармен жұмыс басталады және олар (*ш, р, ж*, кейбір жіңішке дыбыстар, фонемдер) айтылуы бойынша арнайы түзету сабақтары кезінде ең алдымен түзетіледі, содан кейін барып барлық түзетілген және дұрыс қойылған дыбыстар (*и*, жіңішке фонемдер, ұяң дауыссыздар, аффрикаттар) жұмысқа қосылады.

Жалпы сөйлеу тілі дұрыс дамымаған балалардың жазуында ерекше қателерді, соның ішінде әріптерді ауыстыру (*n-b, c-ш, з-ж* және т.б.) қателерін болдырмау үшін, акустикалық ұқсас жұп дыбыстарды және соған сәйкес әріптерді оқудың уақытын созу қажет. Мысалы, *ш*-ны *с*-дан кейін, *д*-ны *т*-дан және т.б. кейін айта алмайды.

3. Барлық әріптер мен дыбыстарды өту барысы жалпы мектепке қарағанда баяу жүреді. Сауаттылыққа оқыту процесі толық бір жарым жылға есептелген және дайындық кезеңіне баса назар аударылады. Ол бала тілі дамуының жалпы деңгейімен тығыз байланыста болады және соған байланысты оның ұзақтығы төрт айдан бір айға дейін ауытқуы мүмкін.

4. Сөздің дыбыстық және әріптік құрамын тез бағдарлай алу дағдысын дамытуға үлкен көңіл бөлінеді, бұл онсыз сауаттылық пен грамматика, дұрыс жазу ережелерін игеру мүмкін болмайды. Мұндай дағдыны қалыптастыру үшін дыбысты ажыратып, бөлуге баланы үйрету қажет, бұған акустикалық-кинестикалық өзара әрекетке назар аудара отырып, зерттелетін дыбыс туралы фонематикалық түсінік қалыптастырғанда ғана қол жеткізуге болады.

Кесінді әліппемен, алдын ала және кейінгі талдау жасаумен бірге сөздерді және сөйлемдерді құрастырумен жұмыстар ерекше маңызға ие болады. Бұл жаттығулар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Тілдің дыбыстық жағын қалыптастыру үшін маңызы зор және дыбыстық талдау мен сөздерді синтездеу бойынша логикалық жаттығулардың арнайы қатары енгізіледі.

5. Сауаттылыққа оқыту процесінде пайдаланылатын сөздер материалы толықтай балаларға танымал болуы қажет және олар сөздердің мағынасын түсініп, оларды белгілі бір заттармен және құбылыстармен байланыстыра білуі керек. Бұл материалды алғашқы кезеңдерде тіл дамыту сабақтарында алдын ала дайындау қажет. Алайда сауаттылыққа оқыту көлеміне қарай сөз материалы барған сайын кең және күрделі бола бастайды және бұл өз кезегінде лексиканы және сөздік грамматикалық құрылысын дамытуға ықпал етеді.

6. Сауаттылыққа оқытудың барлық кезеңі бойы тереңдетілген жұмыс жүргізіледі және ол морфологиялық жинақтап қорытуды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, балалардың лексикалық-грамматикалық дамуындағы қалыңқыраудың орнын толтырады және дұрыс жазу ережесін игеру кезеңінде жазудағы қателерді болдырмайды.

Жалпы сөйлеу тілідамымаған оқушылардың ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды, екпінсіз дауыстыларды және т.б. (оларды кейінірек өтеді) дұрыс жазу сияқты бағдарлама бөлімдерін үнемі тез әрі табысты игере бермейтіндігі белгілі, себебі оларда сөзді морфологиялық талдау қиынырақ қалыптасады.

Бұл бөлімдерді игеруді жеңілдету үшін, балаларды сауаттылыққа оқытудың басынан-ақ сөздің қарапайым морфологиялық құрамы мен дыбыстық-әріп талдауы бойынша пропедевтикалық жаттығуларға ерекше назар аударылады.

Сөздердегі жалпы және айрықша белгілерге көңіл аударылады, бірдей түбірлер мен әртүрлі жалғаулар және жұрнақтар салыстырылады. Балалар сөздің өзгеруі мен сөздің құралуы бойынша әртүрлі жаттығуларға үйретіледі. Бұл жаттығулар баланың танымдық мүмкіндіктерінен артпауы қажет және оларды әр оқу және жазу сабақтарынабіртіндеп кіргізе отырып, практикалық

жоспарда өткізген дұрыс. Бұл жаттығуларды сабақтарда күнделікті пайдалану балаларда сөздерді құрау және олардың құрамына назар аудару дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Мұндай жұмыстары алдын ала тіл дамыту сабақтарында да жүргізіледі.

Сауаттылыққа үйрете отырып, игерілетін материалды жүйелі түрде қайталау мен бекітуді, бұрынырақ алған білімдері мен дағдыларын қажет ететіндей жаттығуларды қолдануды қарастыру қажет.

8. Дыбыстарды және әріптерді оқытумен қатар, соларға қатысты қарапайым ережелер мен грамматиканы үйрету қажет. Оқытудың басынан-ақ оқушылар бірнеше қарапайым ережелер мен грамматикалық түсініктермен және тұжырымдармен танысулары керек және олар әрі қарай күрделенген материалда оқыту барысында үнемі бекітіліп отырылады, нақтыланады және кеңейтіліп отырады. Бұл неғұрлым қиын бөлімдерді үздіксіз қайталап отыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ балардың ережелерді өздігінен және белсенді пайдалануын дамытады. Мұнда белгілі бір жаттығуларды қайталау санын көбейту арқылы емес, алған білімді әртүрлі жағдайларда және әртүрлі материалда пайдалану арқылы табысқа қол жеткізіледі.

Осының арқасында оқудың екінші немесе үшінші жылдарында өтілуі тиіс кейбір дұрыс жазу ережелерімен практикалық танысудың алғышарттары құрылады. Мысалы, сауаттылыққа оқыту кезінде ұяң және қатаң дыбыссыздарды игеруді ұяң дыбыссыздарды оқумен байланыстыруға және келесі жылда бұл ережені неғұрлым күрделі материалда бекітуге болады.

Ерекше атап өту қажет, жаңа грамматикалық түсінікті игеруге дайындықтың және оны айқын дифференциялаумен жұмыстың маңызы өте зор. Алдымен бала түсінікпен танысады, оны өздігінен сөйлеуде, одан кейін алған білімді тұжырымдау, түсінік беру, әр жаңа тапсырманы, жаңа түсінікті өңдеу ережесі түрінде пайдаланады.

Сауаттылыққа оқыту жоғарыда көрсетілген жалпы ережелердің негізінде, фронталды әдісті қолданумен бірге құрылады. Алайда бұлармен қатар әр баланың тіл ақауының ерекшеліктеріне сәйкес, оқушыларға жеке тәсіл қолданылуы керек. Бұған қоса, балалардың мінез-құлықтық ерекшеліктерін және олардың оқытудың барлық кезеңінде бағдарламалық материалды игеруін де ескеру қажет. Осы талаптардың орындалуы оқушылардың білімдері мен дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды сауаттылыққа оқытуға кірісер алдында мыналарды ескерген дұрыс:

1. Оқу және жазу сабақтарында белгілі бір дыбыс пен оған сәйкес баспа және жазу әрпі оқытылады. Бұл жерде әр жаңа әріпті оқушыға тек осы әріппен белгіленген тиісті дыбысты дұрыс айтуды үйренгеннен кейін ғана көрсету керек екендігін есте сақтау қажет.

2. Әр жаңа баспа және жазба әрпімен танысу оның сызылуын құрайтын элементтерді талдау, сондай-ақ бұрын өткен әріптермен салыстыру, оларды сызудың жалпы және айрықша элементтерін анықтау арқылы орындалады.

3. Балалар кесінді әріптерден әліппеден оқығанын құрайды немесе жазады, және, керісінше, кесінді әріптерден сөз құрастырып оқиды және жазады. Жаңа дыбыстық-буындық құрылымды әр сөз кесінді әріптерінен құрылғанға және жазылғанға дейін, міндетті түрде талқылануы тиіс. Балалар оның буын құрамын анықтауы, буындарға бөле отырып, кесінді әліппенің әріптерінен құрауы және сөзді буындарға бөліп түгел оқуы, содан соң жазуы қажет. Мұндай синтетикалық-талдау жұмысы сөздердің буын құрамы мен дыбыстық құрамын тануына, оларды игеруіне көмектеседі.

Қолданылған әдебиет:

1. Генинг М.Г. «Обучения дошкольников правильной речи». Чебоксары, 1980г.
2. Горецкий В.Г., Кирышкин В.А., Шанько А.Ф. Уроки обучение грамоте. Москва, 1988.
3. Бейсенбиева Ұ. Сауатты жазуға үйрету. // Бастауыш сыныпта оқыту, 2005, №2 .
4. Абашыкова Ғ. Сауат ашу. // Бастауыш мектеп, 2004, № 11.
5. Хасенов Ә. Қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқау. Алматы, 1986.
6. Бірімжанова Д. Сауат ашу. // Бастауыш мектеп, 2004, №5

Резюме

В статье представлены условия, которые необходимо учитывать при обучении грамоте дошкольников с общим недоразвитием речи.

Summary

The article describes the conditions that must be considered when teaching literacy preschool children with general speech underdevelopment.

УДК 159.922.6-056.29

ЖАС ӨСПІРІМ ЖАСТАҒЫ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС АППАРАТЫНЫҢ ЗАҚЫМДАНУЫНА ҰШЫРАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Л.Х. Макина., А.А.Махметова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. Қазақстан Республикасы,

Алматы қ/сы

aigerim_amankizi@mail.ru

Мақалада тірек қимыл-аппараты бұзылыстары бар балалардың жан-жақты дамуына зерттеу әрекетінің әсер етуінің рөлі, бала сал ауруымен балалардың тұлғалық дамуының ерекшеліктерін жасөспірімдердің зерттеудің аспектілері қарастырылған. Анасымен қарым-қатынас анализі, әкесіне деген қарым-қатынас анализі, баланың көп болашаққа деген көзқарасы, балалардың қорқыныш пен үрейге байланысты балаларды бейнелерге бөліну, балалардың өздеріне деген қарым-қатынастары туралы айтылған. Мақалада И.Ю.Левченкомен бала сал ауруымен балалардың тұлғалық дамуының ерекшеліктерін жасөспірімдердің зерттеу аспектілері және дені сау балалармен бала сал ауруына ұшыраған балаларды салыстырмалы түрде қарастырған. Балаларды тексеру барысында мінез-құлық белгілерінің тұрақсыз типі анықталғандығы туралы айтылған. Балаларды зерттеу барысында барлығының өздерінің кемістіктерін мойындайтындығы, өздерін мүгедекпіз деп есептейдігі, өздерінің мүмкіндіктерін шектететіндігі, өздерімен жасты сау құрдастарымен қарым-қатынас орнату керек емес деп есептейтіндігі туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, тұлғалық дамуы, акцентуациялық мінез, психоастеникалық сенситивті

Бала сал ауруымен балалардың тұлғалық дамуының ерекшеліктерін жасөспірімдердің зерттеудің аспектілерінің бірін - И.Ю.Левченкомен қарастырылған [1]. Тексерілгендердің ішінен тек, тексеру кезінде дені сау жасөспірімдер ғана типі анықталды: астеноневрологиялық (20%), сенситивті (19%), тұрақсыз (22%), психоастеникалық (27%). Дені сау балаларға қарағанда, сал ауруымен ауыратын балалардың көп бөлігі астеноневрологиялық, психоастеникалық және сенситивті акцентуациясының типтері, яғни сау жасөспірімдерде сирек бақыланып отырғандығына назар аударылған.

Тексерілген топтардың ішінде жиі кездесетін және нормадағы көп бөлігі мінез-құлық белгілерінің тұрақсыз типі анықталды. Жүргізілген анализ бойынша, психикалық дамудың ерекшелігі, өзінің ауруына нақты баға берудің жеткіліксіздігі-сал ауруымен ауыратын балалардың акцентуациясының тұрақсыз типінің қалыптасуына осының барлығы басты қызметі мидың органикалық жеңілісіне әкеліп соқтырды.

Тексеру процесінде акцентуациялық мінездің типі лабиальді және циклоидті балалар анықталады. Мүмкін, осы үлгінің конституциялық кесімді сипаттары бас айтылмыш санаттың балалары, ақаудың және сыртқы факторларының тартуының қимылсыз және аз қимыл бейнелерінің ықпалы.

И.Ю.Левченконың басқа да зерттеулері [2] жасөспірімдерге жүргізілген тексеру келесі мына нәтижелерді берді:

- Анасымен қарым-қатынас анализі балалардың көп бөлігі, яғни 90% өздерінің қарым-қатынасын өте жоғары бағалады, бірақ бақылау кезінде олардың теріс жақтары да көрінді, яғни анасымен көп ұрысу. Сұрақ жауап кезінде, келесі мына мағұлматтар алынды: балалардың 30% аналары оларды жақсы көреді деді, 60% оның жақсы жақтарын айтты («Менің анам өте мейірімді»). Балалардың 10% ашық жауаптан бас тартты, бақылай келе ашық агрессивті реакция («Көп аналар, Ана болуға лайықсыз»; «Егер менің анам қаласа, ол космосқа да ұшып кетер еді»);

• Әкесіне деген қарым-қатынас анализі: балалардың 19% әке мен бала арасындағы махаббатты айтты; 64% әке жағына оларды тәрбиелеуге көңіл бөлінетінін айтты («Әке көп жұмыс жасайды», «Әке менімен сирек ойнайды»), ең басты себепті бала өзінің кемістігі деп ойлайды.

• Баланың көбінде болашаққа деген көзқарасы теріс болды («Болашақ маған қатал көрінеді», «қиын», «ауыр», «онша бақытты емес» және т.б), сонда да олардың бір бөлігі болашақтарының дамуына үмітпен қарады. («Жақсыға үміттенемін», «Өзімнің махаббатымды кездестіремін деп үміттенемін»), 17% өздерінің күштеріне сенеді, болашаққа деген ұмтылыс болды, өздерінің ақылдарымен физикалық күштерін қолдану («Мен өзіме арқа сүйемін», «өзімнің күшіме сенемін және т.б). Олардың ішінде 11% ,болашаққа үмітпен де қараған жоқ, ал 2% - ғажайыпқа сенді.

• Балалардың қорқыныш пен үрейге байланысты балаларды келесі мына бейнелерге бөлуге болады: балалардың 50% өзінің қоршаған ортасындағы жанжал өте қорқынышты болды; 30%-да пәндік қорқыныштар болды («лифтіден қорқамын», «сыныптың кілтін жоғалтып алудан қорқамын» және т.б); 14%-қоршаған ортаны танудан және олардың өзіне келтіретін залалынан күдіктенді, 6% - өздерінің денсаулықтарына күдіктенді.

• Балалардың өздеріне деген қарым-қатынастарын келесі бейнелерден білуге болады: 80% өздеріне берілген тапсырманы жауапкершілікпен қараймыз деп есептеді, ата-анасы мен мұғалім рұхсат еткен. Тек, 15% ғана ата-анасының қамқорлығын міндетті деп қабылдайды. Балалардың 5% асыраушы шартта өсті, мектептен тыс араласты, әсіресе үлкендермен, жағымысыз жасөспірімдер мен қарым-қатынаста болды.

Зерттеу нәтижесі бойынша, балалардың 90% барлығы өздерінің кемістіктерін мойындайды, өздерін мүгедекпіз деп есептейді, өздерінің мүмкіндіктерін шектеді; өздерімен жасты сау құрдастарымен қарым-қатынас орнату керек емес деп есептеді. Олардың өздерінің нақты мақсаты және болашағына деген болжамдары болды, ал өздерінің мүмкіншіліктерін кемістікпен байланыстырды. Қалған балалардың 8% кемістіктерін мойындай отырып, қалыпты дамып келе жатқан баламен қарым-қатынасын үзбеді және қалған 2% өздерінің кемістігін нақты мойындамады, өзіне сенуден қалды, алдарына нақты емес мақсат және міндет қойды [2].

1. Учителям и родителям о психологии подростка/под.ред. Аракелова Г.Г. –М.: Высшая школа, 1990
2. Кузнецова Л.В. Основы специальной психологии. –М., 2003.

Резюме

В статье рассматриваются межличностные отношения детей, приобретших нарушения опорно-двигательного аппарата в подростковом возрасте.

Summary

In article examines personality contact of children with body building broken in teenager ages.